

Сайлау КӨШКЕНҰЛЫ

БІРҚАҚПАЙЛАР

Көкшетау, 2003 жыл

Аннотация

Сын–сықақ жанрында үзбей жазып жүрген көкшелік қаламгер Сайлау Көшкенұлы өзінің «Бірқақпайларын» тағы да оқырмандар назарына ұсынып отыр. Ендігі төреші өзің– құрметті қауым.

Шекесі шылқып

- Осы радиодан болсын, басқасында болсын, «жана қазақтар», «жана орыстар» дейді де жатады, соларың кім?

- Привитизация мен оптимизация кезінде үкіметтікін де, жекеменшіктікін де жеп, шекесі шылқып байығандар.

Жұмыстан кейін

- Қазір қай мекемеге кірсең, «бөленшекеннің туған күні еді», «немерелі болыпты», әйтпесе «юбилейі» деп, әйдә, гулеп жатқандарын көресің. – Сонда деймін, бұларың жұмысты қашап істейді?

-Жұмыстан кейін ...

Евро!..

-Азын–аулақ теңгемді бір кәдеге жарар деп долларға айырбастап ем, енді одан да құтылмақшымын.

-Неге?!

-Евроақша айналымға шықты емес пе, евро!..

Кері ғой

-Кезінде басқаға өктемсініп пәлсафа соғып, кеудесін қағып күпінетіндер кейініректе ұсақтанып, көді–сөдімен жандарын сақтап жүргендіктері несі?

-Өлетін арыстанның тышқаншылайтындығының кері ғой.

Кім төлейді

-Кешкілік Көкшетау мәдениет сарайы алдындағы, одан қалды Тәуелсіздік, бұрынғы Орталық алаңдардағы самаладай жарқырап тұрған электр шамдарын көрсең, ғажап–ақ! Тап бір Алматы мен Астанадағыдан кем емес.

-Кем еместігі кем емес–ау, бірақ азғана қарызына бола былайғы жұрттың светін қырқып жатқанда, мұның ақысын кім төлейді десеңші.

Шалқайып, талтайып

-Бұрыпғының қазағы: «алдыма үйір-үйір жылқы салып, бес алты қатыш алып, байысам» деп армандайтын. Бүгінгінің қазағы қайтеді екен?

-Бүгінгінің қазағы ма: «аннан да, мыннан да қарбап, ананы да, мынаны да алдап, астыма «Мерседес» мініп, қыр басына коттедж үй тігіп, шалқайып, талтайып төрімде жатсам» деп армандайды.

Қыдыртып қайтты

-Теледидардан естіп-көріп жүргеніміздей, Елордамыз Астанада Жаңа жыл қарсаңында қыруар ақша жұмсап салынған мұз қалашыққа қас қылғандай жаңбыр жауып, артында ақ күшті күрт жылынып кетуіне байланысты ойнап – қыдыруға тиым салынды деп еді, біздікілер не істер скен?

-Не істейді дерің бар ма, кеше ғана балаларды мұз қалашықта сырғанақ тепкізіп, қыдыртып қайттық емес пе?!

Қызарады

- Қазақ тілін қалай көгертуге болады?

- Қазақ тілін бе, қазақ тілін шала білетіндерді оқытушылық қызметке жіберсең, көгермек түгілі қызарады.

Қарыз алма

-Елден қарыз сұрап, қарызданғаның құрысын. Қайтарған беруі қиын.

-Онда қарыз алма.

Қардың ерігені несі?

-Айдың екінші онкүндігінде ауа райы бұзылып, күн суытады деп еді, қардың ери бастағаны несі?

- Оны қарды еріткендер деп сұра.

Оқып шық

- Кәзіргі жалақымен өмір сүру қиындап кетті. Айлығың газ бен электр жарығына әрең жетеді. Не істеу керек?

- - Чернышевскийдің осы сұрағына орайлас әйгілі «Не істеу керек?» романын қайтадан бір оқып шық.

Үндеме

- Жұрт омыртқаға шақыруды қойған білем, үн жоқ.

- Сен де үндеме.

Байқамай...

- Ораза ұстадым, ораза ұстадым деп жарапазан қағып жүрсің, аузыңдағы темекің не?

- Ойбай , ешкімге айтпа, байқамай салып қойғаным ғой...

Өздерін сыйламайтындар

- Кездесе қалса «Ассалаумағалейкум, аға», деп өтірік қолгірсіп құрақ ұшып, сырт айнала кіжініп, жұдырық түйетіндер кімдер?

- Өздерін өздері сыйламайтындар ...

Ішіп көр

- Бәз біреулердің айтып жүргеніндей етсіз сорпа, сүтсіз шай ішуге айналдық дегенді қалай үғуға болады?

- Тандыры жоқ қара суды қайнатып, қатықсыз қара шайды ішіп көр.

Әлі жаз ғой

- Ойбу, қайран еш болған еңбегім – ай! .. Текке кетті–ау,- деп Ләтипа шешей ас үйде өз - өзінен күйіп – пісіп жүр.

- Е, не бол қалды, неге бола әбігерленіп қалдың, - деген көрші кемпірге:

- Не болдысы несі, әлгі кіші ұлым Серікті айтам дағы, бір сибактан үлгермей тағы күзгі сынға қалыпты, қарабасқыр,-деді қабағын кіржің еткізген ол.

- Е, сол - ақ ша тәйірі. Күзгі сынға қалса несі бар. Деніне саулық берсін. Әлі жаз емес пе, - деді көршісі оны жұбатқан боп.

Қашан болады?

- О, інішек, келін бала бар ма өзі?

- Жо -- жоға...

- Қашан болады?

- Пәтер алғанда...

- Пәтер қашан болады?

- Келін алғанда...

- ?!

Майшелпектің көкесі

- Ықшамдаудың желеуімен кезінде ауыл-ауылдағы клуб, кітапханаларды құрттық.-Медпункттер мен дәрігерлік амбулаториялар ол жойылды. Енді келіп, бәрін орын-орнына қоямыз деп жерден жеті қоян тапқандай жалпақшешейленіп жатқанымыз не?

- Не дерің бар, бөз біреулердің ортайған қалтасын толтырудың қамы да. – Үкімет мынаны ұқсат деп қайтадан бәлен миллиондап қаржы бөлсе, майшелпектің көкесі сонда емес пе.

Үш күн ішіп

- Ойхой шіркін, түзде де боран, үйде де боран, не боп кетті мына заман?

- Түздегі бораның шындық дейік, ал үйдегіңді түсінбедік?

- Ойбу, карағым, үйдегі боран түздегіден де сойқан, оны мына жамап ағаң сияқты үш күн ішіп, үш күн түнемей, буын буының сырқырап, басың мен-зең үйіңе келгенде білесің.

Жанымызға қалады

- Қыс түскелі ауыл жақтан хабар жоқ. – Тегінде жылдық соғымдарын сойып алып, омыртқадан омыртқа, ұрттары майланып, көздеріне шөл байланып, шалжиып жатыр – ау шамасы?

- Жатса жатсын, қайта оларға деген сыбаға ет өз жанымызға қалады.

Ақылы құттықтау

- Сені мерекенмен шын жүректен құттықтаймын, - деді жігіті сүйген қызына шоқ гүлді ұсынып жатып.

- Опыңа көптен-көп рахмет,-деді аппақ жүзі әп-сәтте қызарып сала берген қыз да бұған жымия қарап.

- Олай болса,-деді сәті жаңа түсті деп ойлаған жігіт, қуанып кетіп,-құттықтауымды қабыл алғаныңның белгісі ретінде андағы ерніңнен бір сүйгізші?!

- Бұның не, бір ауыз құттықтауыңа ақы сұрағаның ба? Бұлдағаның осы болса өзіңе қайтып ала ғой, - деді лезде шырт ете қалған қыз бұртиып.

Тіліграмма

Бибіш әжей әлгінде ғана немересі Кенжештен келген тіліграмманы көршінің баласын шақыртып алып оқытып отырған. Тілдей қағазға жазылған сөздер мынапдай екен: - «Поздравляю с праздником! Срочно вышлите деньги».

Не айтылғанына онша түсінбесе де әйтеуір жанындай жақсы көретін немересінен тіліграмма келгеніне мәз болған әжей:

- Өй, құлыным сол, құлыным, жіберген тіліграммаңнен де, соны жібере білген өзіңнен де айналайын, -деп қояды қайта-қайта тамсанып.

Сыйлайды екен

Екі келіншек телефонмен сөйлесіп отыр. Ауыздары аузына жұқпайды тіпті. Соңғы жаңалықтарды түгесіп болып, енді күйеулеріне сырттай мінездеме бере бастады.

- Менің Сәтжаным өзімді құдайдай сыйлайды, - дейді біреуі екіншісіне. – Гарнитурға да толтырды үйді. Кілемді де қос – қостан алып берді. Парчадан жақында тағы екі пар көйлек сағып әнерді.

- Е, оқығанның аты оқыған емес пе, - деді екіншісі күрсініп. – Менің күйеуім байғұс жұмысынап қайтқан соң тамағын ішіп, қорылдап ұйықтағаннан басқаны білмейді. Бар көмегі әйтеуір аптасына бір – екі рет баланы жақсылап шомылдырып береді. Қазір де әне, айға толмаған кішкентайымды шарадағы сабынды суға салып қойып, шырылдатып тұрып шомылдырып жатыр.

Құбылма

Тақаның келіншегі күйіп – пісіп жүр.

- Өзгенің байы жүзіннің көзінен өтеді, - дейді, - біздікі қарып тойдырғаннан басқаны білмейді. Жұрттікіндей машина да мінбейді. Олардың ішкенін де, жегенін де тірі пенде сезбейді. Үйлеріне барсаң қоз сүрінеді. Гарнитур, кілемге сықап тұр...

- Соншама таусылғандай не көрінді ей саған, - деді әлгінде ғапа тыстан кіріп пешініп жатқан күйеуі әйелінің сөзіне ашу шақырып, не жетпей қалды тағы?

- Ойбай, көтек, депті сонда сасқалақтап қалған келіншек бетін шымшып, - оңашада іштегі шерімді тарқатып жатқаным ғой. Сені жұмыстан ертерек келіп қалады деп кім ойлаған. Тезірек қолыңды жу көпсекей, шайымызды ішейік.

- Е, солай деп жөніңе көпсеңші онан да, - деді ері де әйелінің тез өзгере қалғанына мырс етіп.

Сыраның әсері

Лектор:

- Жолдас, Сізге лекциямыз ұнамай ма? Неге қалғып –

шұлғып отырсыз?

Тындаушы:

- Жо-жоқ - лекцияңыз тамаша!.. Кешегі ішкен көп сыраның әсері ғой бәрі де.

Қисық

- Неше келсем, дөңбекшіп төсекте жатқаныңды көремін. Үйқың қапан қаналы осы сенің? – деді Сәрсек жолдасын ұялтпақ ниетпен.

- О дүниеге барғанда, - деп анау да қыңырлана жауап қатты.

Жүрісі түзеліпті

- Әй, қайнағанның жүрісі түзеліпті ғой, - деді көшеде кездескен екі әйелдің бірі екіншісіне. – Не өзгеріс бола қалды екен?

- Туһ, әлі естімеген екенсің ғой. Кеше ғана оны ферма бригадирлігіне тағайындаған жоқ па, - деді көршісі ернін сылп еткізіп.

- Е, бәсе... Тайраңдай басып, берген сәлемімді алмауына қарағанда солай болар – ау деп шамалап едім өзім де.

Бас жазып жүрмін

- Гарнитурың қайырлы болсын, игілігіңе ұста. Жұмайсың ба енді, - деді Шөкен көршісі Мәкенді қыспаққа алып.

- Е, айтсын.

- Айтпақшы, өзіңе де қайырлы болсын. «Жақында» «Жигули» сатып алды деп естідік. Жұмайсың ба ендеше бірге қосылып...

- Жууын жуып жатырмыз – ау, бірақ соның пайдасынан зияны көп боп тұр, - деді Шөкен қынжыла үн қатып. – Жұмыс дегенің жайына қалғалы қашан? Қазір тек бас жазумен жүрмін.

Уақытым жоқ

Тыстан алқына жүгіріп келген Мұрат төргі бөлмеде қағаз жазып отырған папасының қасына барып:

-Папа, папа, магазинде ойыншық мылтық сатып жатыр екен.Маған біреуін әпермейсің бе?

- Ту, мазамды алмашы балам. Уақытым жоқ, - деді папасы ұлының сұрағына селсоқтау үн қатып. Қолым тиетін емес.Қанша тұрады екен оның, ақша берейін, өзің барып алмайсың ба?

Арада тағы бірнеше күн өтті. Мұрат үйде оңаша қалған соң, кітап оқуға кірісті. Осы кезде даладан келген папасы:

- Мұратжан-ау, бүгін демалыс қой. Стадионға барып коньки теуіп қайтсақ қайтеді? – деді ойында еш күдік жоқ қалпымен.

- Уақытым жоқ. Кітап оқып жатқанымды көрмеймісің. Өзің барып теуіп қайтсаңшы, - деді әкесінің ана жолғы қылығына әлі реніші қайта қоймаған Мұрат әрі қарап аунап түсіпті.

Балмұздақ жейтін болдым

Папасы магазиннен телевизор сатып әкелді.Оны алғаш көрген Мұрат папасынан:

- Папа, мынадан біз не көреміз, - деп сұрады. -Балам, біз телевизордан қызықты ойындарды, кинофильмдерді көреміз...

- О, - деді қуанып кеткен Мұрат, алақанын шарт еткізіп,- енді сенен алатын ақшама киноға барудың орнына көбірек балмұздақ жейтін болдым, иә.

Әдеп сақтап...

Мұғалім сабаққа кешігіп келген Мұраттың жанына барып:

-Мұрат, сен сабаққа ылғи уақытыңда келуші едің ғой, бүгін неғып кешігіп қалдың? – деп сұрады.

-Кешіріңіз,мұғалім, мамам маған үлкен кісілердің алдынан кесіп өтпе деген. Мектепке келе жатқанымда біраз адамдар кездесіп, солардың өткенін күтіп бөгелдім.

Шелек соныкі

-Әй,- депті Жәңбірбай есімді аңқаулау бір адам құдықтан су алып жатқан он – онбірлер шамасындағы балаға қарап, андағы шелек кімдікі, әкеліні бері тезірек, атымды суарып ала қояйын.

-Кинодан қалып қоямын ба деп,өзім де асығып тұрмын атай. - Ал шелек кімдікі дейсіз бе, су алып жатқан кім болса, шелек те соныкі, - депті әлгі бала мүдірместен.

Өздері біледі

Автовокзал маңы иін тірескен халық. Солардың арасынан мосқал тартқан бір адам өзіне таман бұрылған жас жігітті айғайлап шақырып:

-Әй, шырағым, - деді абдыраған кейіпшен, әлгі біздің Ұзынағашқа қайсы автобуспен қайтып жетуге болады?

- Ауышыңыз қай совхозға, қай ауданға қараушы еді,ақсақал?

- Қай совхозға, қай ауданға қарайтынын кім біліпті,тәйірі.Әлгі Пішпекбайдың қонқақ мұрынды Сарысы, тапалтақ Сәрсенбайдың Жекебатыры тұратын Ұзынағашты айтсаң өздері де білмей ме, - деп қарсы сұрақ қойды ол.

«Сәлемімді ертең берейін»

Көрші үйдегі Әбіл қартты көрген сайын кішкентай Мұрат оған ылғи сәлем беріп жүретін.Бірде ойын қызуымен ол есік алдында отырған қарияға сәлем беруді ұмытып кетті. Сонда Әбіл қарт:

- Мұратжан, маған өкпеледің бе, неге сәлем бермедің, - деді күлімсірей қарап. Сасып қалған Мұрат:

- Ата, ата, ертең берейін сәлемімді,ертең!.. – дей берді.

Сілейтіп салды

Тыстан алқына жүгіріп келген Мұрат әкесіне:

-Папа, напа, ауладағы ала қаз мені қуып тістеп ала

жаздады, - деді.

-Қап, бәлем, оның көзін жоймасам ба, - деді газет оқын отырған әкесі баласының көңілін аулап.

-Иә, мен оның сазайын беріп те үлгердім. Қолыма жуан таяқты алдым да, бір – бірақ беріп, сілейтіп салдым, - деді Мұрат.

Етпетінен түсе ме?

Бірде Мұрат мамасынан:

- Мама, төтем оқуға түсіп пе? – деп сұрады.

- Оның саған керегі не, емтиханнан құлап қалыпты,- деді мамасы ренішті пішінмен.

- Мама, айтшы емтиханнан құлағанда жерге етпетінен түсе ме? – деді сонда Мұрат.

Тоңып қалыпты

Қыстың күні еді. Мамасы Мұраттың көйлегін жуды да, даладағы шарбаққа жайып қойды. Ертсіне Мұрат көшеде ойнап жүріп, шарбақтағы сіресіп қатып тұрған көйлегін көріп:

-Мама, мама, қарашы, көйлегімді неге далада қалдырып кеткенсің, тоңып қалыпты ғой, - деді жыламсырап.

Таңертеңгілік

- Әй, Тақанның баласы келін әкеліпті дейді ғой, естідің бе?

- Жоға, кеше ғана жол жүріп келдім емес пе. Өзіңнен естіп тұрмын.

- Ендеше дайындала бер тойына. Шамамыз жеткенше гулетейік бір.

- Оу, ұртымыз майланды десейші онда!..

Кешкілік

- Жайша ма ей, қабағың түсіп кетіпті!..

- Жай болушы ма еді, әлгі Тақаң үйіне түскен келін келін емес, келсап болып шығыпты.

- О, несі екен, ей?

- Ойбай – ау, сәске түске жетпей сабынша айныпты. Қалада өскен тікбақай бөле көрінеді. От жағып, сиыр сауу менің қолым емес. Ауылда қалмаймын деп манағы кезде тайып тұрыпты.

- Қап, бөрінен де аузымыздың қағылғанын айтсайшы!..

Арман

-Жалғанда машина алғанда арманда, алмаған да арманда екен, - депті Төкең досына мұңын шағып.

- Оған бола несіне таусылдың соншама?

- Машинаға қолымыз жеткенше машина уайым болып еді, одан кейін салып бітіргенше гаражы уайым болды...

- Несіне қапаланасың енді?

- Ашырмау, десейші, енді сол машинаны жүргізуі менің қолым емес пе?

Қуырдақ жеп...

-Тақаң үйі соғым сойыпты ғой. Қайырлы болсын айттың ба?

-Қайырлы болсын айтпақ түгілі жаңа барып қуырдағын да жеп қайттық.

-?!

Ессін қайтарайын деп

Мұраттың сабақ үстінде қалғып отырғанын байқап қалған мұғалім:

-Мұрат, мұның не? Түнде ұйықтамап па едің? – деп сұрады.

-Әліппемді сұраусыз алып, бетін шимайлағаны үшін кеше кішкентай інімді аздап сабаған едім. Осы қылығым үшін папам мені екі сағат кеш ұйықтатты. Соның ессін қайтарайын деп едім, - деді Мұрат жайымен.

Енді санайық

Папасы бір сумка қызыл алма әкелгенде, Мұрат үйде еді. Папасы келген бетте сумканы стол үстіне қоя салды да, өзі шешіне бастады.

Осы сәтті кезенді пайдаланып, Мұрат өзінің қос жұдырығындай бір әдемі алманы лып етіп алып, теріс айналып кетті. Оның бұл қылығын байқап қалған папасы:

-Мұрат, мен жаңа отыз алма әкелгенмін. Кәне, санайықшы, - деді ештеңе көрмегендей қулана. Құлағына дейін қызарып кеткен Мұрат:

-Папа, ендеше отызыншы алма жерге түсіп кетіпті, - деп алманы қайтадан сумқаға сала қойды.

-Кәне, енді санайық...

Қызметкер болмай–ақ қояйын

Бірде Мұрат атасы мен әжесінен:

-Мен үлкен қызметкер болғанда, сіздер нешеге келесіздер, - деп сұрады.

-Мұратжан, онда біз өліп те қаламыз ба, оны кім білсін, - деп жауап берді атасы мен әжесі. Сонда сасып қалған Мұрат:

-Жоқ, жоқ, онда қызметкер болмай – ақ қояйын, - депті.

Екі тоқаш үшін бе?

- Мұрат, сенің неше пәннен екілігің бар? Егер шынықты айтсаң әрбір екілігің үшін бір – бірден тоқаш беремін, - деді мамасы мектептен жаңа келген бірінші класта оқитын ұлын сынау мақсатымен. Ойында еш нәрсе жоқ Мұрат:

-Иә, екі тоқашқа бола менің бар шынымды айтуым керек пе, - деп өзін -өзі ұстап беріпті.

Жағың ғой

Мұраттың қарт әжесі «ойшырмай, жаным – ай, енді қайда барайын» деп уһлеп күрсіне беріпті.

Сонда Мұрат тұрып: - Әже, қай жерің ауырып тұр?

Әжесі : – құлыным - ау, тісім қақсап барады.

Немересі :- Әже, сенің таң атқалы қақсап тұрған тісің емес, жағың ғой, - депті.

Аяғым қыбырлайды

Далада ойнап – ойнап, Мұрат үсті – басы қар – қар болып, үйге кіріп келеді. Әжесі Мұраттың үстіндегі қарды қағып, нимасын шешкізді де:

-Қарғам – ау, аяғың қатып қалыпты ғой, - деді.

Сонда Мұрат: - Жоқ, әже аяғым қатқан жоқ, міне қыбырлайды, - деп аяғын қыбырлатып көрсетіпті.

Аспандағы орақ

Мұраттың үйінде атасының қол орағы бар еді. Кешке таман папасымен есік алдына шыққан Мұрат жарқырап тұрған айды көріп:

-Папа,біздің үйдегі орақты кім аспанға іліп қойған? – деді таңдана.

Сақау ма еді?

Таяуда көшіп келген көрші үйдің баласы Петяны көріп Мұрат:

-Әй, бері кел, екеуіміз қар лақтырысып ойнайық, - деді.

Анау болса мұның қазақша айтқанын түсінбей өз бетімен ойнай берді. Сонда ыза боп кеткен Мұрат:

-Ей, мынаның өзі дәнеңеге түсінбейтін сақау ма еді, неге үн қатпайды, - деді аузын бұртитып.

Бөтен тоқты түгілі

Жазғы каникулға ауылдағы атасы мен әжесінің үйіне қонаққа келген Мұраттан көрші әйел:

-Қарағым, қорадағы қойларыңның арасында бөтен қара тоқты бар ма - деп сұрады. Сонда Мұрат:

-Бөтен қара тоқты түгілі осы үйдің тоқтысын да танымаймын шешей, - деп жауап берді.

Күшім толыққан жоқ

Жәутік жолдасына:

-Менің күшім әлі толыққан жоқ, - деді.

-Е, неге, сен енді үлкен жігіт емессің бе? Сонда анау былай деген екен.

-Мен үйдің жанындағы бір пұттық үлкен тасты бала күнімде көтере алмаушы едім, әлі де көтере алмаймын.

Палуан

- Мұрат, сен өскенде кім боласың?

- Қажымұхан атамдай атышулы палуан болмақпын.

- Палуан болатыныңды қайдан білесің?

- Кеше ініммен күрескенімде оны қатарынан үш рет жығып кеттім...

«Аты жоқ»

- Қарағым,кімнің баласысың? – деді алыстан жолаушылап келген бейтапыс адам қарсы жолыққан төрт – бес жасар баладан.

- Атамның баласымын...

-Атаңның аты кім?

-Атамның аты жоқ, - деді бала, кешегі тұсап қойған жерінен таңертеңнен бері таба алмай жүр...

Сағындым

- Мұратжан, каникулда ауылға барасың ба?

-Барамын.

-Ауылда қандай туысың бар?

-Тәтем бар, әжем бар.

-Әжеңді сағындың ба?

- Сағындым.
- Не үшін?
- Тәтті майы мен құрты үшін.

Миска ма, Мишка ма?

- Папа, маған магазиннен Миска касалапыйды әпересің бе?
- деді кішкентай Жанат көше аралап келе жатқанда.

- Миска деме қызым, дұрысы «Мишка косолапый», - деді әкесі күліп.

-Мейлі, әйтеуір сатып әперсең болды, - деді Жанат ернін бұргитып.

Әжесін ұмытпады

Бала бақшасының бірінде Жаңа жылдық сәлка өтіп жатқан. Әкелген сыйлықтарын үлестіріп болған Аяз Ата:

-Ал балақандар, кәмпиттеп кім құр қалды, қайсына тағы не керек?

-Аяз Ата, кәмпитіңіз бітпесе, маған тағы біреуін беріңізші, - деді Айнұр оған жақынырақ келіп, үйде әжем жалғыз өзі қалып еді...

«Бестік» сыры

-Мама, деді бірінші класста оқытып Ернар мектептен келісімен, қолындағы сумкасын диванға лақтырып тастап, мен бүгін «бестік» баға алдым.

-Е, жақсы болған екен, - деді оған мамасы қуанып, -қай пәннен алып жүрсің құлыным?

-Математикадан – екі, ана тілінен – үштік баға қойды.

-Ойбай – ау, оларың тіпті де «бес» емес қой, - деді бұл баж етіп.

-Неге, мама, - деді Ернар саспастан, папам скеуін екіге үшті қосса, бес болады дейтіндерің қайда?

«Жалап тұрмын»

-Қызым,саған балмұздақ жеме дедім ғой, тағы да тамағыңа

суық тиіш ауырасың.

-Туһ, мама, оған бола қамықпаныз, мен балмұздақты жеп тұрғам жоқ, жалап тұрмын.

Сыныққа сылтау

Келіншегі :

-Ауылға барамын деп айналасы алты аптада алты рет ақша сұратғың? Қайда жұмсадың соншама?

Күйеуі:

-Алты аптада алтау түгілі алпыс рет ақша сұратар едің өзің. Префранс ойнаймын деп мизері құрғыры құртты емессе мені.

Шімірікпеуін шіріннің

- Әй, күйеу бала, - деді қайын снесі, -әгәрки сен кешегідей қыш -- қызыл мас болып келіп, үйде күнде әңгір таяқ ойната беретіп болсаң, мен қызымды қолынан жетектеймін де ауылға тайып тұрамын. Ішіме сыйған бала сыртыма да сыятындығын түсін шырағым, - деді қорқытпақ нистпен.

-Ойбай шеше, егер сіз осы айтқаныңыздан қайтпай дәл солай істейтуғын болсаңыз, қызыңыздан аман - сау күнінде құтылғанымға тағы бір жарты ішер едім, - деді күйеу баласы шімірікпестен.

Қайда жұмсайды

-Жыл сайын кітабы шығып жатса да осы Мөкең «ақшам жоқ, ақшам жоқ» деп қыңқиды, сонда осыншама ақшасын қайда жұмсайды.

-Оны үйіндегі келін баладан сұра...

Ішкі қажетке деп

Зоотехник:

-Кешегі арам өлген қойды, «ауырды» деп актіледік, енді мына екеуін қайтеміз?

Шопан:

- «Ішкі қажетке жұмсалды» деп толтыра салмаймыз ба?

Өзі де білмейді

- Аанада құдалыққа барғанда костюм киіп қайтып ем, бұ жолы не кигізер екен?

- Е, оған бас ауыртып қайтесің, сол жолғыдай шіп – шикі мас болсаң, не кигізгенін өзің де білмессің.

Қыруар ақша

- Қазір оқымасаң да, кітап жинаған пайдалы екен.

- Қайтпін?

- Біріншіден, үйіңе келгендер сені «оқыған, тоқығаны көп, зерделі жан» деп ойлайды, екіншіден жинағандарыңды кітап магазинінің букинистикалық бөліміне өткізсең, қыруар ақша көрінеді.

Шай ішеді

- Әлексе, жүдеп кетіпсіз, ораза ұстаймын деп соқтығып қалғансыз – ау тегі?

- Жүдемегенде қайтейін, бұрын ештеп күндіз коже – қатық істетіп ішуші ем, қазіргі көрсгім шай ғана.

Молла емес

- Ауылдағы молламыз «намаз оқып, ораза ұстамаған адам құдай алдында шын күнаһар, оған не жаза қолланса да, шарифатқа қосады» деуші еді, мана барсақ, бәйбішесі ексуі майға бөктіріп күріш жеп отыр.

- Онда ол молла емес...

Қыңқып жүр

- Жалғанда «әйел заты тойымсыз» деген шындық екен.

- Оны қайдан білдіңіз?

- Әуелде үй керек деді, үй бар, машина әпер деді, оны да

міндік, енді саяжай алайық деп қыңқып жүр.

Телевизордың құны

- Кеше жөндеткен телевизорымыз тағы сынып тұр, - деді Тақаң досына мұңын шағып. – Ондаған кісіге бес жүз теңге ақысып да төлеп едім...

- Үйдегі келін мен бала – шағана сыбаға деп жартылық пен бір асым етті мен де ендеше орап сумкасына салып бердім емес пе, - деді әйелі ас үй жақтан дауыстап.

Не ойы бар

-Әлгі Көкен отызға келгенше үйленбепті – ау. Не ойы бар екен?

-Не ойы болушы еді. Училище, техникумның бір-екеуін тауысса керек. Енді институтқа іштей оқуға түспекші көрінеді.

Ебін тапты

- Әй, Бөден, жүр футболға барайық. Бүгін «Қайрат» ойнайды ғой.

- Қойшы соны...Не жеңер, не жеңілер, қайтеміз мына жауында.

- Онда Мелеуді аралап қайтайық.

- Текке әурелемеші мені. Денем құрыстап шаршап жатырмын.

- Қап,көнбей -- ақ қойдың -- ау бәріне. Жүр ендеше Көктөбеге тартайық, ресторанына отырып шығайық.

- Әй, мұның табылған ақыл екен. Қозғалайық тезірек, кісі көбеймей орын алғанымыз жөн болар тегінде.

Себеп

-Ағасы, демалыс сайын иығыңызға қармақ салып, балық аулауға бара жатқаныңызды байқаушы едім. Соңғы кезде мүлдем көрінбейсіз ғой?

-Әй, інішек – ай, оның себебі бар емес пе, - деп мынау мырс етті. – Естімеді пе едің, жеңген осыдан бір ай бұрын ет магазиніне сатушы болып орналасқан жоқ па. Содан бері ол кәсіпті қойғанмын.

Өкініш

- «Спринт» билетінен анада біреу он мың теңге ұтты деген соң мен де он теңгеге алып едім...

- Не болды?

- Не болушы еді, - қырсық қылғанда қарадан қарап он теңгеден айырылдым, - деп бұл қынжыла басын шайқалды.

Саспады

Таныс біреудікінде қонақта отырған Тақау «тентек суға» сылқия тойып, әбден қызып алғаннан кейін:

- Шүкіршілік, қазір тоқшылық заман ғой, ешкім – ешкімнен кем емес, жуыр маңда өзіміз деген сыйлы адамдарды біз де омыртқаға шақырмақпыз. Соның ішінде сен де барсың Шәкс, - деп қасындағы Шәбденді бүйірінен бір түртіп қойды маңғазданып.

Арада біраз күндер өтті. Ойда-жоқта Тақаумен кездескен Шәбден амаңдық – саулықтан соң:

-Әй, құрдас, «омыртқаға шақырамыз деген әнеукүнгі уәден қайда, әлде ұмыттың ба?» Сонда анау:

- Е, қызулықпен адам не істемейді, не демейді, - депті саспастан.

Ерледі

-«Торпедо» ерледі, «А» класына өтіпті...

- Өйткен ерлігі құрысын, анада Ақмоланың «Есімімен» ойнап, 4: 0 есебімен ұтылып қалды.

- Қап!..

«Түнемелдің» кесірі

-Әй, Тақа, түр-түр деймін тезірек. Телевизордан «Қымызхананы» көрсетіп жатыр әнекей...

-Туһ, қойшы сен де, жоққа бола мазаламай. «Қымызхана»түгілі «Шарапхананы» көрсетсе де тұрар шамам жоқ дәл қазір. Түндегі ішкен «Түнемелдің» кесірінен басым зеңгіп әкетіп барады.

Қаламақысын қашан төлейді

«Қазақстан әйелдерінің» кезекті санын оқып отырған Жәутік кенет:

- О, деп ски алақанын шарт еткізді, мепін мына журналда көлемді мақалам шығыпты. Күйеуінің неге бола жас балаша есі кетсе қуанғанына онша мән бермеген әйелі сонда:

- Қаламақысын қашан төлейді екен? – депті оған ас үй жақтан дауыстап.

Кеше

- Естідің бе, құдағи, әлгі біздің Тақаң үйіндегі қызымыз әке – шешесіне айтпастан әлде біреумен қашып кетіпті.

- Е, бағы ашылсын да байғұстың. Теңін тапса тең құрбысынан кем қалмаса боқты да.

Бүгін

- Құдағи–ау, «қырсыққанда қымыран іриді» деген ғой. Манағы айтқан Тақаң қайшағаның кенже қызы сәске аумап қайта қайтып келіпті. Әлгі кезде үйіне барсам жатыр төсекте бүк түсіп.

- Күйеу бала өзгедей емес бос сопақ біреу болса керек тегінде.

- Е, алдынан жарылқасын ендеше. Ешкідей секектемес енді гөрі, - деп мынау ернін сылп еткізді.

Моторы сынып

- Кісі болды деген осы ғой, - Жағалбайдың баласы мектепте оқып жүргенінде тәуір аты шықпаса да шоферлік курсты әупірімдеп бітіріпті әйтеуір.

- Өйткен кісілігі құрысын, - деді екіншісі. –Машинада жүргенінен тұрғаны көп. Бірде донғалағын жарып әкеледі, бірде аккумуляторы істемей қалады.

- Е, машина деген немене тәйірі, өзі аман болсын да...

Ұмытшақ

Екі келіншек телефонмен сөйлесіп отыр.

- Соңғы кезде мені не қара басқанын білмеймін тіпті, әбден ұмытшақ болуға айналыппын, - деді біріншісі.

- Е, не боп қалды соншама?

- Мана жұмыстан қалып қоярмын деп асығып жүріп, өтекті розеткадан суырып тастауды ұмытып кетіппін.

- Ойбай – ау, енді не ғып отырсың жүгірмей, күйдіндер ғой.

- Жо-ға, біздің үй аман. Мен кепе апайдікіне қонып едім.

Ұнамады

- Кепегі концерт мүлдем ұнамады, - деді Зейни көршісіне.

- Ұнамаса, сені кім қыстады, неге шығып кетпедің?

- Шығып кеткім келді – ақ, бірақ киім беретін әйелі құрғыр плащым мен шәлімді бермей қойды емес пе...

Тапқырлық

- Сенің миың бар ма басыңда, осылай істеуге бола ма екен? – деді папасы Жанардың әбестік қылығына реніш білдіріп. Сонда Жанар:

- Миым бар ма, жоқ па, білмеймін, басымды әлі жарып коргенім жоқ, - деді киналмай – ақ.

Балапан

Есік алдындағы көгалда балапандарын ерткен қазды көрген жас келін:

- Ей-ей, Сәтжан-ау, мына балапандарды қарашы, қандай әдемі,- деді күйеуіне дауыстап.

Сәтжанның қасында атасы да отырса керек. Ақырын ғана мырс еткен ол:

- Келінжан, балапандардың әдемісі әдемі-ақ, бірақ менің әксімнің аты Балапан екендігін білмеуің әбестік-ақ, - депті.

«Госстрах!...»

- Госстрах дегенің тиімді екен, қаншама қарызым бар еді, анада бәрін төлеп құтылдым, өзімізге бірсыдырғы киім де алдық, - деді Орынбай коршісімен оңаша әңгімелесіп отырғанда.

- Қайтіп?

- Абайсызда анада қолымды сындырдым. – Сосын дәрігерден анықтама қағаз алып, сақтық кассасына барып, қыруар ақшаны санап тұрып қалтама салдым, - дей бергенде мынау:

- Әй,әй, өйтіп қолымды сындырып госстрахқа жазылмай-ақ қояйын, - депті.

Жалғыз фельдшер

-Түнімен тісім қақсап, көз ілмедім... Әлі де жаныма батып, ауырып тұр...

-Ауырса, тіс дәрігеріне барып, жұлдырмайсың ба?

-Ауылдағы жалғыз фельдшеріміздің өзі тұмауратың, үйінде жатса қайтпекпін.

Айыра алмай

-Фермер болу менің қолым смес екен. – Жұрттан қалмайын деп 50 гектар жер алып, егін егіп едік, пайдасынан зияны асып түсті.

-Қалайша?

-Сатып алған тұқымдық астық пен жанармайды, жалдаған адам күші мен техниканы есептемегенде, күзде егіні қайсы, арамшөбі қайсы, айыра алмай қалдым емес пе.

Немен өтемек?

-Алшынбайдың қызы оқуға түскелі, әке-шешесінің есі жоқ.

-Ес жоғы қалай?

-Қорасында тышқақ лағы болмаса, өзі де әупірімдеп оқуға түскен қызының оқуыш немен өтемек?

Түгесілетіндігін ұмытпа

-Тәубе дейік, қыстық соғым басталғалы үйде отыруға уақыт жоқ. Омыртқадан омыртқа, еттен әбден жеруге айналдық.

-Кесірінен сақта да, жейтін етінің түгесілетіндігін де ұмытпа.

Сорпалыққа,..

-Біздің сиырымыз суалайын дегені ме, сүт бермейді.- Сіздікі ше?

-Алдынан жемі мен шөбі құрғамаса, қалайша ол сүт бермейді.-Бермей көрсін осыдан, сорпалыққа соямын да аламын.

Әйелдері асырап

-Аузы дуалы ақсақал айтқан екен: бір замандарда сиыр пұл болады, әйел би болады деп,..

-Солайы солай шығар, қазір жұмыссыз отырған еркектерді әрісі Бішкектен, берісі Алматыдан арзанқолды товар әкелі, әйелдері асырап жүр ғой.

Пеш жақпай ма?

-Ауылдың маңы сынсыған ағаш еді, тамтығы да қалмапты.

-Қалмағанда қайтеді, мұндағылардың бәрі пеш жақпай ма?

Үптеп кетпегеніне

-Үрлық деген сұмдық.- Тіпті қорадағы малынды қойып, былай шықсаң үйіндегі бар жиған-тергенінді де үптеп кетіп жүр.

- Өзіңді үптеп кетпегеніне шүкіршілік ет.

Құбылма

-Құдайдың күні де қызық, мамыр айында қар жауып, наурызда еритіні қалай?

-Әйел екеш әйел құбылма келеді емес пе, бұл да солай.

Малға азық

-Бұрындары ауылдың шетіне дейін егін себуші еді, қазір бәрін жусан басып кеткен.

-Малға азық қой.

Қайдан құлақ шығарса

-«Көкшетау-Пауэрдегілер» ай сайыпғы жылу ақысын тақақтап сұрауды ұмытпайды.-Үйлердің суып кеткендігіне қарамастан және толық келемінде өтеуді талап етеді. Мұны не деуге болады?

-Мұны ма, «қазаншының еркі бар, қайдан құлақ шығарса» дейді.

Тікұшақ сатып ал

-Көше толған машина, көше толған полицей, қайтып жер басамыз?

-Тікұшақ сатып ал.

Теледидар қарама

-Теледидардың ана каналын бұрап қалсаң-боевик, мына каналын бұрап қалсаң-секс, қайда барып оңамыз?

-Теледидар қарама.

О дүниеге

-Қазіргі заман қолында билігі, қалтасында доллары бардікі.

-Ол пәтшағарларың соларын о дүниеге де ала кете ме екен?!

Барғасын көресің

-Күзден бері саяжай жаққа барған жоқпыз. –Не боп жатыр скен?

-Не боп жатқанын барғасын көресің.

Үш килограмм қосыппын

- Өттеген-ай, - деді біріншісі.Курортқа бекер келген екенмін.

-Е неге ?

- Айналасы бір апта өтпей жатып үш килограмм салмақ қосыппын.

-Оған қуанбайсың ба қайта өзің.

-Несіне қуанамын. Дәрігерлер маған салмағыңды жеңілдетіп қайт деген жоқ па. Қан жүрісі сонда ғана түзеледі дейді.

Телефонда кінә жоқ

- Жаңа жылмен құттықтап құтты болсын айтайын деп едім, ешқайсың телефонды көтермедіңдер ғой? Әлде телефонның кілтпаны бар ма еді?

- Телефонда еш кінә жоқ. Келіншегім төркіншілеп кеткен соң көршім екеуіміз қосылып, екі шөлмекті босатамыз деп екі бұрышта қылжиып қалыппыз.

Көгілдір от

- Түр тезірек, түр деймін, телевизордан жаңа жылдық «Көгілдір отты» көрсетіп жатыр әнекей.

- Қойшы ей, ішім от, көзімнің алды қызыл өрт болып жатқанда көгілдір отты қалай ғана көремін. Ойбай, шекем, сыны-ып барады!

Ақыл

- Атай, көпті көрген адамсыз ғой, жалғанда кімнен ақыл сұрамаған дұрыс?

- Сағыз шайнап, шекілдеуік шаққан адамнан...

Жуды

- Демалысқа шығыпсың, жумайсың ба?

- Жууын жудық қой, бірақ кеше айықтырғышқа түсіп қалыпшын.

Өсті

- Кәуіктің баласы өскен екен.

- Өскені қалай?

- Көз еті өсіпті, қызметі жоғарылағасын ба, анада тап қасымнан өтіп бара жатып, сәлем де бермеді.

Тентек

- Алло, сіздікіңде біздің тентек ұлымыз бар ма?

- Сіздің тентек ұлыңызды білмеймін, өзіміздің тентегіміз маза бермеген соң әлгінде бір бөлмеге қамап қойдық.

Мұра

- Төрт қабырға түгел кітапқа сыймай түр, сірә кітапты сүйіп оқисыз ғой?

- Жо-оо-оқ, балаларға мұра ғой.

Айран жалап

- Құрысын, айықтырғышқа түскенше айран жалап үйде отырғаның артық.

- Неге олай дейсіз?

- Оған түссең, біріншіден, иіс-қоңыс жерде түнеп шығасың.

- Екінші?

- Қалтандағы қалған-құтқан тиын-тебеннен сыпырыласың.

- Үшінші?

- Екі мың теңге айып төлеп, әрең құтыласың.

Уәде

Студент:

- Агасы, екілік қойғаныңызға өкінбеймін, екі сойлегеніңізге намыстанып тұрмын.

Оқытушы:

-Қайтп?

Студент:

- Аанада басымды түзеп жіберсең, екінді күзеп жіберемін деген уәденің қайда?

Қашаннан ішесің?

- Тәке, сіз осы арақты қашаннан бері ішесің ?

- Ес білгеннен.

- Ес білгеннен ішсеңіз, есіңізді білмей қалған күндеріңіз болды ма?

- Болды.

- Қалайша?

- Оны қарағым, айықтырғышқа түскенде білсең.

Сыр

- Осы біздің ауылдың магазинінде сатушы шақ келмей қойды, ай сайын біреуі ауысады, неге олай екен ?
- Оны сатушылардың өзінен сұра.

Қайтер екен ?

- Анада Тәксеннің өлеңі газетке шыққан дей ме, бұл жерде жоқ тіпті, көкке қарайды.
- Ойпырмай десейші, егер алда-жалда кітабы жарық көрсе қайтар екен, о сабазың..

Тексеріп көрсейші

Дәрігер:

- Жолдас, сіздің қай жеріңіз ауырады ?

Сырқат:

- Қан қысымым көтерілгенде жүрегім өз-өзінен өрекшіп, миым аузыма түседі.

Дәрігер:

- Тағы ?

Сырқат:

- Жұлын тұтам қозғалтпайды.

Дәрігер:

- Тағы?

Сырқат:

- Екі тізем сырқырап бастырмайды.

Дәрігер:

- Тағы?

Сырқат:

- Таңертеңгілікте жатқан орнымнан тұра алмаймын.

Дәрігер:

- Тағы:

Сырқат:

- Қарысып қалсын жағың!.. О, неткені ей, одан да өзін тексеріп көрмеймісің.

Туған күні еді

- Жолдас дәрігер, маған екі-үш күнге қағаз бере аласыз ба ?
- Жайша ма?
- Елге барып қайтпақшымын, қайын ағамның туған күні еді.

Шамам келе ме, келмей ме?

Телефон шылдыр еткен соң трубканы қолына алған Кәуік:

- Әй, аманбысың ей, - деген таныс дауысты есітті. Құрдасы Мақтай екен. -Ай – айтпақшы, Жаңа жылың қайырлы болсын, ей, қол-аяқтың бүтіндігін, бас-қарынның саулығын тілейміз бәріңе...

- Е, түсіңнен шошыдың ба, соншама, Жаңа жылға дейін әлі толық бір апта бар емес пе, - деді мынау мырс етіп.

- Қайдам, таш ол күні құттықтауға шама келе ме, келмей ме ей, ертерек ескеріп қамтиын дегенім ғой.

Қыңырлық

Келіншегі:

- Қалада отырып, қашанғы қара суға қамалмақшымыз. – Жұрттың еркегіндей неге соғым іздестірмейсің ?

Күйеуі:

- Ауылда жатқан тегін соғым болатұғын болса, өзін іздестіріп, тауып көрші, кәне ?

Сылтау

- Жұртты қайдам, өзімнің кітап түгілі күнделікті келіп жататын газет-журналдарды да оқып шығуға зауқым жоқ.

- Неге ?

- Оқуын оқығың келеді-ау, бірақ оқи бастасаң, көзің бұлдырап, ұйқы қыса бастайды, сонсоң оқып көр.

Аңқаулық

- Көрші, айлыққа дейін ақша қарайласа тұрмайсың ба ?
- Оны қайтпексің ?
- Магазинге дефицит дүниелер түсіп жатқан көрінеді.
- Е, онан да өзіме жүгір десейші.
- Қап, аңқау басым-ай!..

Қызыл ма, қымыз ба?

- Қызыл ішеміз бе, қымыз ішеміз бе, - дейді жолдасы көптен көрмеген досына құрақ ұшып.
- Бар болса екеуін де әкел, - деді мынау жылмаңдап.

Бір жарты

- Туыс, ә, туыс, анау ойпаңдау жердегі саздасында машинама батып қалды , тракторыңмен шығарып жібересің бе?
- Бір жарты берсең шығарып жіберуге болады.
- Бір жарты түгілі бүтін ақ бсрейін , -депті қуанып кеткен шофер.

Қыңқып жүр

- Әуелде машина аламын ба деген ойым бар еді, енді соған әуре болмай – ақ қоямын білем.
- Е, неге ?
- Машинаға ақша табармыз-ау, ал бензині мен запас бөлшегіне нең шақ келеді, - деп келіншегім әллен қыңқып жүр.

Шыдайды

Папасы :

- Ұлым-ау, үш тоқсан бойы оңған баға алмапсың , енді қалған бір тоқсанда қайтпексің?

Баласы :

- Көке-ау, оған бола қам жеменіз, үш тоқсаннан өткенде соңғысына шыдармыз.

Ойнағаннан кейін

-Торпедо таяуда тағы жасыл алаңға шығады ғой, биыл қалай ойнар екен?

- Оның қалай ойнайтынын ойнағаннан кейін айтамыз да..

Әуесқой шахматшы

- Жігіттік санатына еніп, ес білгелі өз құралшы жолдастарымыздың арасында әлгі күнге жеңіліп көргенім жоқ,- деді Болатбек әңгіме арасында.

- Мына сөзіңізге қарағанда тегі палуан болдыңыз ғой, қандай разрядыңыз бар? – депті оның жолдасы.

- Жо-жоқ, палуандықты маған кім берсін, жәй әуесқой шахматшымын,- деді анау саспастан.

Ұйқысы қашып

- Не екенін білмеймін, - екі-үш күннен бері өз-өзімнен мазам кетіп, түн баласы ұйқы көрмей жүрмін.

- Оған ақыл тауысатын не бар,- деді сонда екіншісі, - ұйқың келмесе түрекел де отыр.

Мін тақпай...

Кәсіподақ ұйымының жиналысы жүріп жатқан. Жарыссөз мана басталса да, Әукен әдетінше өз орнында жай отырған. Соны байқап қалды ма, жергілікті комитетінің председателі:

-Шайсұлтанов, жиналыс сайын үндемей отырасың да қоясың, мұның қалай? Ұйым жұмысы жайлы неге пікір айтпайсың, неге өз ойыңды білдірмейсің?

- Өйтіп пәлсеге қалдырмаңыз,- деді осы кезде қипалақтап орнынан тұрған Әукен шекесін қасып, үйден шығарда әйелім жиналыс болады екен, анау- бөленше, мынау түгенше деп көрішгенге мін тақпай жайына отыр деді емес пе.

Қуанып кетті

- Айзада, қой деймін енді, қойшы өзің? – Онсыз да жұмыстан қалжырап келгенде қайта-қайта секіріп маза бермейсің тіпті, - деді папасы үй ішінде аласұрып ойнап жүрген үш – төрт жасар қызын тыймақ ниетпен, әйтпесе қазір киіндіремін де далаға шығарып жіберемін.

- Оһ,-деді бұған қуанып кеткен қызы алақанын шарт еткізіп, алақай далаға шығатын болдым.

Үндемеді

- Әлгі Қайыркен демалысқа шығып еді, үндемей кетті – ау, озі.

- Үндемегені қалай.

- Жумалы дегенім ғой.

- Кәмен ше?

- Ол да.

- Өзің қайтпексің?

- Үндемей кетеміз де...

Үлкен болғанда...

Ағасы:

- Тиыш отыр дедім ғой мен саған, тыңдамасаң андағы құлағынды бұрап тұрып, кесіп аламын.

Інісі:

- Кессең кесе бер, - деді жыламсырап, - өзіндей үлкен болғанда мен де сенің құлағынды кессмін...

Ақын

- Ақын ақын емес, ақынның әйелі ақын.

- Неліктен?

-Түн ұйқысын төрт бөліп, төсегінен тұрғызып, шатып-бұтып өлеңдерін оқыса, ол ақын болмағанда қайтпек?

Той

- Әр айдың екісі күні біздер үшін айт пен той.
- Қалайша?
- 2-сінде еңбекақы аламыз,17-сінде аванс жаздырып, тағы да қалтаға саламыз.

Үйінде түнемепті

- Асқар демалысқа шыққан екен-ау.
- Оны қайдан естідің?
- Кеше келін бала телефон соғып еді, екі-үш күннен бері үйінде түнемепті.

Дефицит

Тұтынушы:

- Қарағым, мына ағаңа шолақ тоның, палас пенен тағы басқа дефициттерің бар ма?

Сатушы:

- Ондай-ондай дефициттер менде болса, сізбен бүйгіп тәжікелесіп сөйлесіп тұрмас та едім.

Шеке мүжиді

- Ойбай құрыдық, біздің елге ревизорлар шығыпты.
- Қайта қуанбайсың ба оған, бір-екі малдың шекесін мүжитін болдық.

Кім әзірлейді

- Тәукенге ертеңгілік кіріп шықсаң, бөлім жұмысы жайлы жоғарыға анықтама жазып жатқанын, енді бірде айлық жарна жинап жатқанын, тағы бірде жиналысқа дайындалып жатқанын, түстен кейін тілшілерге тапсырма беріп жатқанын, одап кейін шахмат ойнап жатқанын көресің. Сонда газетке деген күнделікті заңасты кім әзірлеп, кім беріп жатады?

- Кім дейсің бе, әдеби қызметкері де...

Жиеншарың бастық болса...

- Бөкеңнің зейнеткерлікке шыққанына он шақты жыл болса да, әлі күнге біздің мекемеде жұмыс істейтіні қалай?

- Оны жиеннен туған жиеншарың бастық болса білерсің.

Сезбей ме?

- Апау кеңседе істейтін дөкейің өзінен дөкейлердің үстінен домалақ арыз жазып жүр дейді ғой?

- Сол дөкейдің үстінен де басқалардың факті жинастырып жүргенін сезбей ме екен, о байғұс?

Бір жартым бар

- Бірдеңе бар ма, бір теңге бар ма?

- Бірдеңем де, бір теңгем де жоқ, қалтамда тек бір жартылық арағым бар.

- Әкелсейші онда.

Жиналыстан соң

- Әй қарағым, сен жиналыс сайын «Бәрі де түсінікті, сыннан қорытынды жасаймыз» дейсің былжырақтан. Ал шындығын айтсаң, сол сындардың бәрінен қашан қорытынды пығарасың осы?

- Кезекті жиналыстан соң...

Токта деген соң

Автоинспектор:

- Азамат, сіз тоқтамайтын жерге тоқтадыңыз, правоңызды әкелініз?

Жүргізуші:

- Жолдас автоинспектор, мен тоқтайын деп тоқтағам жоқ,

өзіңіз белгі беріп тоқтаттыңыз емес пе.

Жалған ақпар

Зоотехник:

-Ауданнан қайта-қайта телефон шалып, озат сауыншыларың болса, көрсеткішін айтып, тезірек беріндер деп жатыр.Қайтеміз?

- Оған қиналатын не бар, анау Сақыпжамал қызымен екеуі бірдей жұмыс істемей ме, соңғысынап қос та, әр сиырдан 3 мың килограмнан астам сүт сауды деп ақпар бер.

Жеп қоймаймын ба?

- Папа, анау Шайзадаға қоянның, ал маған қасқырдың маскасын әпергендеріңіз не?

- Бәрібір емес пе, құлыным.

- Жоқ, ол қоян боп киінсе, мен оны мультфильмдегідей қасқырға ұсап жеп қоямын ғой.

Тезірек жөнделеді

- «Жол құрылысы нашар»деп талай жиындарда сөз болып жүрсе де, сол жол бойында тағы құбыр тартып жатқаны несі?

- Тезірек жөнделсіп дегені шығар..

Ағынан жарылды

Тілші:

-Қажеке, былтырғы жылы саулықтардың әр жүзінен 150-ден қозы өрбіткен екенсіз, соның түпкі сыры неде?

Шопан:

- Е, онда үлкен балам өз алдына жеке отар қой бакты, келінім мен әйелім маған көмекші болды.

Тілші:

- Қазір ше?

Шопан:

- Қой бағу менің қолым емес деп кейіннен балам шоферлыққа ауысты, келінім декретке шықса, әйелім сырқаттанып қалды...

Онеро ма, Бальзак па?

- Алло, бұл кітап дүкені ме?

- Иә, иә, кітап дүкені.

- Сіздерде Онероның былғары дей ме, әйтсеуір бір шығармасы түсіпті дейді рас па?

- Иә, Онеро де Бальзактың «Шегіреп былғарысын» сатып жатырмыз.

- Онеронікі ме, Бальзактікі ме, сізден көптен-көп өтінемін, маған бір данасын қоймас па сенсіз?

-!?

Тиыш отырады

- Пана, деді кішкентай Қанат,- кешке біздікіне көп кісілер келе ме?

- Иә, құлыным, көршілерді қоңаққа шақырдық. Саған айтарым, үлкен адамдар отырғанда орынсыз секіріп, тентектік жасама, мақұл ма?

- Жарайды,- деді Қанат. Мен тиыш отырамын отырамын-ау, бірақ ет жеп, арақ ішіп алған соң олардың өзі уласып-шуласып, барқырап ән айтып, дүрсілдетіп би билесе не істемексіз?

Айым дейін

Жігіт:

- Айым дейін, күнім дейін, қол ұстасып жүбайлық ғұмыр кешуге уәденді бересің бе?

Бойжеткен:

- Түһ, солда сөз болып па, әйтсе де сен алдымен өзіме алтыннан сырға, қос-қостан сақина сатып әлер.

Қайтер едің?

- Жұрттың бәрі жазда жейтін картобын елге барып, әкеп жүрсе, Тәйтiктің дүкеннен алатыны несі?

-Е, әйелiң сол овощ дүкенiнде жұмыс iстесе, сен қайтер едiң?

Телевизордан көр деп

Папасы:

-Қияс деймiң, Қиясжан-ау, андағы телевизорды сондiрсейшi, әбден ұйқы бермедiң ғой.

Баласы:

- Театрға барып ақша шығарғанша, киноны телевизордан-ақ көрсейшi деген өзiңiз емес пе.

Өзi аман келсе

Келiншегi:

- Көкесi-ау, ана қикар ұлың сен жоқта машинаны мiнемiн деп, бiр доңғалағын тағы жарып әкелiптi.

Күйеуi:

- Доңғалақ ештеңе етпес, өзi аман келсе болды.

Танауы делдiпiн

Қазiргi жастар үлкендi сыйлау дегендi ұмытып бара жатқан сияқты.

- Қалайша?

- Ишiп алса, кейбiреулерi танауы делдiпiн, жұдырығын ала жүгiредi.

Сұрамайды

- Кейбiреулер бүгiнде ұят-аятқа қарамайды.

- Кiм, кiмдер?

- Сөре астындағы товарды тамыр-танысына үлестiрiп жатқанда әсiресе сатушылар ұятың бар ма, ұятың жоқ па сұрамайды.

Өзін тұтыласың

- Пәледен аулақ болайын десең, ендігәрі ішкен милиционердің колына түсе көрме?
- Неге?
- Онда ішсең де, ішпесең де өзін тұтыласың, әйтпесе айып төлеп әрең құтыласың.

Қожа

- Жалғанда пәтер үйде кісі ұстама.
- Неліктен?
- Пәтер үйге өзін қожа болғанмен, саған қожа ол болады.

Баса алмайды

- Мына материалым пәмірге баруші еді, тезірек басып беріңізші?
- Баса алмаймын, басып жатқаным да номірдікі.

Келісті

Қонаққа барар алдында келіншегі күйеуіне:

- Бөтен-мөтен кісілер болады, сен байқап ішіп, байқап сөйле, - деді. -Әйтпесе бесіктегі бес жасар баладай бөгде жұртқа текке мазақ болармыз.

- Сен де ендіше көзінді ежірейтіп, жөн-жосықсыз тіземді шымшып, аяғымды баса берме,- деді сонда бұл.

Шын сөз

- Ағайын бар болсаң көре алмайды, жоқ болсаң бере алмайды деген шын сөз екен.
- Оны қайдан білдің?
- Аңада туысқанымнан көже қатыққа керек деп бір сирақ ет сұрағанымда аузын қу шөппен сүртіп, шығарып салмады емес пе.

Келесі жылы

- Соғымның етінен татырамын дегеніңе жыл болды, енді қашан шақырмақшысың?
- Бұйырса, келесі жылы да соғым соймаймыз ба?

Кім жолайды?

- Ауырғанда досыңның азайып, сау кезінде қасыңнан айналшықтап шықпайтындары қалай?
- Ішкенің дәрі-дәрмек болса, жаныңа кім жолайды.

Өзін сұрап жүр

- Жайшылықта машинамен анда апаршы, мында апаршы деуші еді, соңғы кезде одан да зорын шығарды.
- Қайтпін?
- Енді машинамын өзін сұрап жүр.

Сезік

- Те-теме, қа-қалай, үй-іші аман ба? Қа-қалай?- дейді жолдасы телефоннан тілі күрметіліп.
- Әй, сен немене, түн ортасында ішіп алып, телефон соғып тұрғаннан саумысың?- деді бұл ашу шақырып. Сонда анау:
- Те-теме, темекі, қойшы өзің, менің ішкен арағымның иісі соншама трубкадан сезіліп тұрғаны ма,- деді міңгірлеп.

Ақшам жоқ деп...

- Өлгі Дәукенді айтам, «ақшам жоқ, ақшам жоқ» деп жылаушы еді, енді міне су жаңа «Москвич» сатып алыпты.
- Онда ақшасының бар болғаны да...

Ести берсін

- Менің келіншегім ас үй жақта жүріп, төргі бөлмеде

отырған біздің әңгімемізді естиді, байқап сөйле,- деді оның күйеуі жолаушылап келген жолдасына.

- Естісе ести берсін, біз әлі ол еститіндей дәнеңе ітқанымыз жоқ қой,- деді мынау таңданып.

Үйімізді босатпайды

-Қызметі жоғарылап, дүрілдеп тұрғанда менсінбеуші еді, қазір үйімізді босатпайтын болды.

- Қайтсін, кеш болса да қателігін түсінген ғой шамасы.

Түсінді

- Кеше Бәкеңдікі соғымна шақырып еді, содан басым әлі мең-зең болып отыр.

- Тәйірі соны да сөз деп, жүр ендеше тезірек сыраhanaға барайық.

Өзі білмесе...

Профессор:

- Кәне, кім Чернышевскийдің «Не істеу керек» романының қысқаша мазмұнын айтар екен?

Студент:

- Ағатай, Чернышевскийдің өзі не істеу керектігін білмесе, біз қайтып жауап бермекпіз.

Оңай жол

- Машина алуын алдық-ау, бірақ соның запас бөлшегі қинап тұр.

- Оған қиналатын иесі бар, «көк дөненнің» тағы біреуін сатып ал.

Нешеу?

- Тәке, осы сіздің кішкентайларыңыз нешеу?

- Оны неге сұрадың, алғашқы әйелім тумады, екіншісінен екі, кейінгісінен үш-төрт кішкентайым бар.

Қыруар ақша

- Ауылдағылар мал ұстаса, қаладағылар ит асырауды модаға айналдырыпты.

- Неге?

- Неге дерің бар ма, иттің терісінен тігілген жылы етік пен малақайың қазір базарда қыруар ақша емес пе.

Үлгереді

- Дәйкен жаңа кітап түссе-ақ ала береді, ала береді. соның бәрін оқыш үлгере ме екен?

- Оқыш үлгермесе де кітап дүкенінің букинистикалық бөліміне өткізіп үлгереді.

Ауырса қайтеді?

- Балам, мына қақаған аязда балмұздақ неге жейсің, гамағың ауырады ғой,- деді бейтаныс қарт көшеде келе жатқан жас қызды тоқтатып.

- Мейлі, ауырса менің тамағым ауырады, сіздің онда жұмысыңыз қанша?- деді қыз бүртішіп.

Кім ұйымдастырады

- Сіздерде шахматтан жарыс ұйымдастырылғанда дойбыдан неге өткізілмейді?

- Оны ұйымдастыратындардың өзі дойбы ойнауды білмесе, кім ұйымдастырады?

Бөлке нан

- Қап, бәрін әкелгенде, жаңа ұннан пісірілген бөлке нан

аша салмағанымды қарашы,- деді жолаушылап келген бәйбіше құдағиына, қаужақпаңдан жақсы болып қалатын едік.

- Оған қамықпаңыз құдағи, біздің жақта да егін шығады, бізде де нан пісіреді,- деді ол.

Жұзтаныс

- Жолдастар, менің лекциямның тақырыбы- «Маскүнемдіктің зияны» деп аталады,- деді мінбеге котерілген лектор тершіп кеткен мандайын қайта-қайта сүргіп.

- Ойбай-ау, жаңа осында келе жатып сыраханадан бірге сыра ішпедік пе?- деді залдан әлдекім дауыстап.

Тойып бар

- Қызымның туған күні деп манадан қылғытып отырсың, қылғытып отырсың, қазір көршішікіне барғанда ненді ішесің?- деді келіншегі күйеуіне кейіп.

- Қонаққа барсаң, тойып бар лейтінің қайда,- деді сонда бүл.

Тап іргеде...

- Ағасы, сіздікінде бір-ақ сиыр сияқты еді, мына бір- екі бұзау қайдан келген?

- Тап іргеде ферма тұрғанда қосақтамағанда қайтеміз?- деді ол шімірікпестен.

Тісіңіз жоқ қой

- Кеше лүкенге барып едім, наны тастай қатты екен, алмай кеттім.

- Неге?

- Оны қайтем, егер тісім өтпесе.

- Тісіңіз онсыз да жоқ қой, нанды алып, шайға жібігіп жеу керек еді.

«Әу» деп...

- Ата, ата, әу ата,- деді кішкентай Санат көшеде келе жатып оз-өзінен айғайлап,-а-атау:

- Санат, сен осы қай атаңа манадан айғайлап тұрсың,- деді оған әжесі таңырқап.

- Әнеки, анау, а-нау атама,- деп Санат дәу ескерткішті нұсқады.

- Е, ол кісі емес, тас мүсін, ескерткіш қой.

- Мейлі, бә-бәрібір ол маған «Әу»деп неге жауап қатпайды.

Жүз процент

- Мал қораланғалы қашан, ал біздегі механизмдердің қайсы біреуінің істен шыққаны қашан?

- Ойбай-ау, «қоралар жүз процент әзір» деп ақпар бергендерін күні кеше емес пе еді?!

Сақтық

- Сәрсен, мына бір кітап қызықты екен, оқып шығуға берсең бе?

- Жарайды, алсаң ала ғой, тек кітаптың құны қанша екен, сонша ақшасын төле.

- Е, неге?

- Ол кітапты сенің жыртпай-бүлдірмей дұрыс әксіп беретініңді қайдан білейін, сондықтан алдын-ала сақтық жасап жатқаным ғой.

Ойсырай ұтылды

- Бильярдты тәуір ойнағанымен шахматтан ұтыла бергені жаман екен?

- Ы, оған да жаманын айтсайшы, кеше преферанс ойнаймын деп ойсырай ұтылғанын көрсең сен?

Сен де сөйт

- Өзінен дөкейлерді сыртынан олай деп, көзінше былай дейтіні неліктен?

- Жағына білсең, сен де сөйт.

Қонаққа шақыр

- Көршілеріңмен тату-тәтті тұру үшін не істеу керек?

- Көршілеріңді жиі-жиі қонаққа шақыр.

Вот, чудақ!

Кеше:

- Әлкей, сен мына жаңалықты естідің бе?

- Неменені?

- Әлгі Жәпекті білесің ғой. Сол Жәпектің «Спортлотодан» су жаңа «Жигули» ұтып алыпты. Өне, жолы болғыш жігіт деген сол.

- Вот, чудақ!..

Вот, дурак!..

Бүгін:

- Әлкей, сен мына хабарды естідің бе?

- Нені?

- Әлгі Жәпекті айтам дағы.

- Не боп қапты?

- Не болушы еді, әйтеуір өзі аман, сөйтсе де ұтқан «Жигулиінің» быт- шытын шығарыпты.

- Қайтіп?..

- Тегі аздап ішсе керек. Ішкен адам не істемейді. «Қырсыққанда қымыран іриді» деген міне, осы.

- Вот, дурак!..

Машақат

- Машина алғанша машақатқа баттым дей бер.

- Қалайша?

- Анда апар деп біреуі келеді, мында апаршы деп тағы біреуі келеді, сонда жұмысты қашан істемекшімін.

Дос

- Жайшылықта досым, досым деп, былай шыға бере сырт қарайтыны не?

- Жақсы қасиетінен болар...

Көңіл көлдей болғанмен

- Үй үлкейгенмен көңіл тарылайын деген білем, қонақты сиретіңсіңдер ғой?

- Көңіл көлдей болғанмен кей-кейде «кок доңеп» жағы жетпей жатады, ағасы.

Емтихан алады

Студент:

- Ағай, кешіріңіз, кеше сәлемдесуді ұмытып кетіппін, бүгін әдейілеп келіп тұрмын.

Профессор:

- Е, қарағым, бүгін келетіңді мен де білгенмін, өйткені емтихан аламын ғой.

Айыра алмай

- Кісі болды деген осы, Кәуіктің кешегі күнгі құрғақандай баласы агрономдық оқуды бітіріп диплом алыпты.

- Ойткені кісілігі құрысын, мана бидай мен арпаның сабағын айыра алмай күлкі етті...

Қойдырды ғой

- Ағасы, жастау кезіңізде жас қыздарға арнау өлеңдеріңіз көп шығушы еді, қазір қойғансыз-ау, тегі?

- Қояйын деп қойдым деймісің қарағым, үйдегі жәңгірен қойдырды ғой.

Табылғаны жарайды

- Бөкіс дегенің осы ма, екі қолын ербендеткеннен басқа түк бітірмейді.

- Енді ше, екі қолға бір жұмыс табылғаны да жарайды.

Көк тұқыл

- Барлығына да, байлығына да болайын...

- Неге?

- Қалғанда көк тұқыл тиының болмаса, не дейін.

Тағы да...

- Жиналыс сайын «ана кемшілікті жою керек, мынадай олқылықты түзету қажет» дейміз де жатамыз. Сонда кашанға шейін осылай бола бермекші?

- Соларды жөнге келтіру үшін тағы жиналыс ашқалы жатқамыз жоқ па?!

Қиналды

Студент:

- Апай, бес жыл оқыған сәбегім бар ғой, бір бестікті қимайсыз ба?

Оқытушы:

- Бестікті қимай отырғаным жоқ-ау, соны қалай қоюға қиналып отырмын.

Ұрысқан күні

- Осы арақты ішем деп ішпейсің-ау. Ішуге себеп көп.

- Қалайша?

- Келіншегіңмен енді қайтып көрместей боп ұрысқан күні

өзіңнен-өзің ішкің келеді.

Кешікті

- Кәкен, бүгін тағы жұмысқа кешігіп келдің, қашан қоямыз осы жаман әдетті.

- Кешігейін деп кешігіп келді дейсіз бе, кеше преферанс ойнап, кештеу жатып ем.

Ұзақ етіп

- Қазір жұмыстың уақытында қыдырып, дүкенге де баруға болмайды, тіпті бой жазып шахмат, биллиард ойнауға да тиым салынды, сонда қайтіп күн көрмекпіз?

- Оған ақыл тауысатын ештеңе де жоқ, ұзағырақ дем алу үшін перекурды жиілетіп, ұзын етіп сигарет тарт.

Сыбаға

- Елден келген абысыным балалардың сыбағасы деп қысқы соғымнан шұжық пен бір асымдай ет әкеліп еді, онысын екі есе қайтарлық,- деді Зейни көрпісіне.

- Қайтіп?

- Қолына қималы жүзік салып, шампанып құйдық.

Ол үшін

- «Өлімнен - ұят күшті» дейді , өз басым әлі күнге ұяттан өліп жатқан тірі пендені көрген емеспін.

- Ол үшін жарық дүниемен қоштасып, қайта туу керек.

Қоймайды

- Көрген сайын темекі шеккенді қоям дейсің, қашан қоймақшысын?

- Жұмысыңда береке болмай, согіс алып жатсаң, қайтіп қоймақсын.

Жеңгеннен сұра

Зоотехник:

- Ағасы, мына саулық егіз қозы туған сияқты еді, біреуі қайда кеткен?

Шопан:

- Оны біздің үйдегі жеңгеннен сұра.

Ақты ішем деп

- Қызыл ішсек, қан қысымым көтеріледі, ағынан жарылсақ қайтеді?

- Ақты ішем деп, айықтырғышқа түсер жайым жоқ.

Мәжіліс

- Ана мәселе деп, мына мәселе деп мәжіліс өткіземіз де жатамыз, соның тигізер пайдасы бар ма?

- Мәжіліс өтті деп, протоколы тіркелмей ме?

Сепаратор

- Осы үйдің қос сиыры өгіз болып кеткен бе? Май-қаймағың қайда?

- Кезексіз сепаратор аламыз деп әлгінде ғана сауған сүтті дайындаушыға өткізіп келмедің бе?

Қысқарту

- Сен қарағым, завхоз дегенінді қой, мен завхоз емес, замдиректорымын.

- Замдиректор түгілі самдиректор болсаңыз да, Сіз отағасы, штаттағы қысқартуға іліктіңіз.

Қайда

- Қыз қайда, қымыз қайда, Қырым қайда?!
- Қыз-той-қырқында, қымыз-ой жұртында, Қырым- бой сыртында.

Тағы бір жарты

- Аш өзекке түсіп кеткен білем, кешегі арақтың уыты әлі қайтатын емсе?
- Оған несіне қиналасың, колхоздасып тағы бір жарты алайық.

Төркін

- Папа, мамам сенімен ұрысқан күні төркініме тайып тұрамын дейтіні не?
- Төркініне барса ұрыспайтын шығар.

Әперетін кісі болса

- Дәл осындай дәу болғанда папа, маған автомашина сатып әпересің бе?
- Әперетін кісі болса, сол машинаны өзім де мінгім келіп жүр ғой, құлыным.

Жазбаған дұрыс

- Жазған дүниені газет-журналға шықпай жатса не істеу керек?
- Онда мүлдем жазбаған дұрыс.

Оңай құтылды

- Жалақымды алғанша қаражат жағынан қарайласа тұрмайсыз ба, ағасы?
- Айлық ақшам қолыма тигенше өзім де асық боп жүрмін, қарағым.

Саяжай

- Кезекті еңбек демалысың қалай өтті?
- Қалай өтті дерің бар ма, биылдыққа саяжай аламын деп соның әлегімен өтті де...

Араздасқанда білесің

- «Ағайын араздасса ауыздағы кетеді» деген мәтелдің мән-мағынасын қалай түсінуге болады?
- Оны ағайын-туысқаныңмен араздасқанда білесің.

Әзілдеп айтқаным

- Мына кітапты оқыдың ба?
- Оқыдым.
- Онда маған бере тұршы?
- Ой, әзілдеп айтқаным ғой, әлі оқығам жоқ.

Басыңа іс түскенде

- Досыңның дос, қасыңның қас екепін қалай айыраар едің?
- Басыңа іс түскенде.

Екі қорап шоколад

- Сен мені жақсы көресің бе, папа?
- Иә, ұлым.
- Тіпті сондай жақсы көресің ғой?
- Иә...
- Олай болса, маған екі қорап шоколад әперші.

Мал бағыш жүр

- Қайдар биыл оқуға барып па еді?
- Барған.
- Қалай, институтқа түсе алды ма?

- Түскен, түспегенін қайдам, әйтеуір қазір ауылда мал бағып жүр.

Баянсыз махаббат

- Иә, әлгі кенже балаң үйленген шығар?
- Үйленген.
- Кішкентайлары да бар болар?
- Кішкентайлары түгіл келіннің өзі жоқ, екеуі айрылысып тынған?

Қызыл тіл

- Қалай ойлайсың, басқа пәле неден?
- Қызыл тілден, тілмен жағынуға да болады, тілден қағынуға да болады.

«Қырым мен Ұрымда!..»

- Көштен бері телелідардан «Тамашаны» тамашалаудан қалдық, нағашы мен жиен қайда екен?
- Қайда дерің бар ма, жұрт сықылды олар да кезекті еңбек демалысын алып, Қырым мен Ұрымда жүрген шығар?

Жазып көрсетсейші

- Тышқаншылап әр нәрсенің басын шалғанша, көлемдірек бірдеңе жазсайшы?
- Жаза білетін қабілетің болса, өзің жазып көрсетсейші.

Түлкі мінез

- Қонаққа барарда жылмаңдап, үйіне бөгде мейман келсе, қыржаңдап қалатыны не?
- Түлкі мінезінен де...

Шулатып ек

- Әу баста жемшөп дайындаудан екі жоспар орындаймыз деп шулатып ек, енді соның жартысын орындаудың өзі қиынға соғып тұр.

- Оған бола жаныңызды ауыртып қайтесіз, биылдыққа орындалмаса, келесі жылы орындалар.

Тоқсандық сыйлық

- Біздің Кәкен принципшіл, принципшілдігі сол емес пе, кешегі жиналыста бастықтың өзін бауыздамай-ақ сойып салды.

- Өйтін сойып салғаны құрысын, бүгін ғана жұмыстан кешіккендігі үшін сөгіс алып, тоқсандық сыйлықтан қағылды ғой.

Күндіз ұйықтайды

- Бәлен совхоздың директорын білуші ем, жұмысқа берілгендігі сондай, түн баласы ұйқы көрмейді дейді.

- Түнде ұйықтамаса, онда күндіз ұйықтайтын болар.

Тайып тұрады

- Бұрынырақ той-домалаққа келгендерге әлісін-әлі стаканына арақ-шарап құйып, шаршаушы едік, енді рахатқа баттық.

- Қайтін?

- Қазір алдына самсатып құйылған түрлі сусынның дәмін татқан соң олардың көбі үзіліс жарияланысымен-ақ үйлеріне тайып тұрады.

Қайнаған сүт

- Ауылдағы дүкенде арақ мүлдем сатылмайды, бағатын жайылымдықтың жоқтығынан бие сауылмайды, сонда жаздың мына ыстығында қаталаған шөлімізді қайтып баспақпыз?

- Оған бекерге қиналмай-ақ қой, ала сиырынның желінін

қақтатып тартқыз да, қайнатып сүтін іш.

Жұмыстан қашып

Профессор:

- Мынадай біліміңмен жоғары оқу орнына түсемін дегенше, елге барып, жұмыс істегенің дұрыс қарағым.

Абитуриент:

- Сол жұмыстан титығым құрып, қашып келіп тұрғам жоқ па, ағасы?

Үшінші рет

- «Жас өспей ме»,- деген-ау, кешегі Байман марқұмның кенжесі соқталдай жігіт болып қалыпты.

- Өйткен жігіттігін қайтейін, таяуда үшінші рет үйленгелі жатыр.

Қарыз

- Біреуден қарыз ақша алуың оңай болғанмен қайтаруың қиын екен.

- Қалайша?

- Аңада Кәуіктен жүзелу теңге қарыз алып едім, кеше қайырып бердім.

- Онда тұрған не бар?

- Не бары деуің, келесі жалақым қолыма тигенше тағы қарыз сұрауға тура келіп тұр емес пе.

Кәмпит береді

- Папа, қабырғада ілулі тұрған анау ескі календарьді жыртып тасташы, тезірек Жаңа жыл болсын.

- Оған несіне асықтың құлыным...

- Жаңа жылда Аяз Ата бізге көп-көп кәмпит береді.

Сынап қайтеді?

- Қайта құруды сіздер неден бастаңыздар?
- Басшыларды сынаудан.
- Ал тап өзіңіз басшыларды сынап көрдіңіз бе?
- Жо-жоға...
- Неге?
- Сынап шаруам қанша, зейнеткерлікке шығуыма жарты-ақ жыл қалды.

Екеуін де

- Асұлан, сен кімнің баласысың?
- Папамның, мамамның...
- Папаң мен маманның қайсысын жақсы көресің?
- Екеуін де...
- Неге?
- Біреуі балмұздақ әпереді, біреуі алма береді.

Ұнай ма?

-Қызым, жиған ақшамызға су жаңа «Запорожец» алайық деп жатырмыз, қалай саған ол ұнай ма?

-Ұнауын ұнайды-ау, бірақ «Запорожецке» папам сыймайды ғой. Одан үлкендеу «Волга» машинасын неге сатып алмаймыз?

Шынында да Арайдың папасы бойшаңдау болса керек. Қызының әлгіндей тапқырлық сөзіне мамасы мырс етіп, күліп жіберді.

Немене, сиырмын ба?

Ауылдан жолаушылап қалаға келген қарт адам, кафеге кіріп:

-Әй, қызым, сталовый дегендерің осы ма, тамағым құрғап, сусап тұрғаным, маған тоғыз стакан шай әкеп бере қойшы,-

лейді дауыстап.

-Атай, есептеуге жеңіл болсын, шайдың он стаканын алыңыз? – дейді даяшы қыз биязы үнмен.

-Ей, сен немене, соншама мені сиыр боп кетті деп пе едің, лепті сонда әлгі ақсақал.

Мінеки мен кәнеки

Тарих пәнінен Кеңес деген мұғалім сабақ беретін. Ол екі сөзінің бірінде: «мінеки» деген терминді жиі қайталайтын. Бірақ мұнысын өзі сезе ме, сезбей ме, әйтеуір аңғармаған кейіп танытатын.

Кезекті сабақ үстінде ол тағы сол әуеніне басты.

-Мінеки, балалар... дей бергенінде, кенет қуақылау Айсиң орнынан атып тұрып:

-Кәнеки, мұғалім!- демесі бар ма? Тосын сұрақтан сасып қалған анау:

-Ә, ә, мінеки! – деп терішіген маңдайын қол орамалмен сүртпін, орындығына сылқ етіп, отыра кетті. Балалар болса ду күлкіге батты.

Жұмысты кім істейді?

-Ана қарашы, күні кеше ғана оқу бітіріп келіп еді, жаман Кәуіктің баласы да бастық бола қалыпты.

-Болса қайтейін ?

-Әй, мисыз неменс, анау, әлгі Шимайбекті айтамын, ол да бастық екен ғой...

-Болса ше ?

-Болса ше, болса ше, ата сақалың аузыңа жеткенше, сен қашан бастық боласың деймін.

-Бастық болмаймын дегесін болмаймын, бәріміз бастық болсақ, ей, жұмысты кім істейді ?

Өзімізге жетпей жатса

Тұтынушы:

-Қарағым, осында үш күн бойы қатар келіп жүрмін,

сіздерге немене кілегей қаймақ түспей ме ?

Сатушы:

-Шешей-ау, сол кілегей қаймағың өзімізге жетпей жатса не істейміз ?

Немісше ғана

-Жетпіс жылдан астам уақыт бойы «орыс тілін білмеген нанын тауып жей алмайды, бұл дүниеде бар мансап-биліктен мақұрым қалады» деп жарапазан қағып келсек, енді мына заманда бала-шаға, қатын-қалаштан бастап түрік, ағылшынша үйренуге айналдық...

-Қап, әттеген-ай, орта мектепте де, өзім бітірген институтта да бізді тек немісше ғана оқытып еді, онсыз да денсаулық титықтаған шақта енді қайттік ?

Тәжірибе

-Демалыс болса-ақ жаман «Москвичіңе» семья мүшелерінің бәрін мінгізіп алып, ел қыдырыстайсың да жүресің, жалғыз барып, қайта алмайсың ба ?

-Жалғыз баруын барамын-ау, бірақ елдің бәрі қазір семьялық мердігерлікке көшіп жатқан жоқ па, сонсоң біз де семьямызбен сөйлдеп қайтуды тәжірибеге айналдырамыз.

Шұлықсыз-ақ жүр

-Дүкендерде шұлық, носки дегенің көрінбей кетті , қайдан алмақпыз енді ?

-Мынадай шыжыған ыстықта носкидің не қажеті бар, шұлықсыз-ақ жүр.

Бармау керек еді

-Қан қысымым түзеліп , басымның ауырғаны басылар ма екен деп аңада психотерапевтің экстрасеансын қабылдаған едім, тіпті үдеп кетті.

-Онда психотерапевтің қабылдауына бармау керек еді.

Түсті

-Өлгі жалғыз тентегіңіз оқуға түсті ме ?

-Түсті.

-Қайсысына ?

-Әуелде документтерін институтқа тапсырып еді, артынан СІТУ-дан бір-ақ шықты.

Қонақ

-Келген қонағың құт болғанымен, кеткені жұт көрінеді.

-Қалайша ?

-Қонағыңды сыйлауға жұмсаған қарызыңнан құтылғанша озыңде де ес қалмайды екен.

Төпелей бер

-Қазір екінің бірі жазғыш, келсін-келмесін, төпелейді де жатады, төпелейді де жатады.

-Оған несіне қиналасың, қолыңнан келсе сен де төпелей бер.

Дипломат

-Мама, мектепке баратын кез жақын, маған дипломат сатып әперемін дегенің қайда ?

-Дипломат ешқайда қашпас, әмиянда ақшаң болсын де.

Аңсау

-Шіркін, жазда ски – үш ай курортта жалғыз жатып, демалғанға не жетсін.

-Неге?

-Жұмысты да, тұрмысты да ойламайсың, еш уайым жоқ, қарын тоқ, одан артық не керек.

Жалақысы көп деп

-Қырсыққанда қымыран іриді деген осы екен – ау!..

-Не боп қалды.

-Анада жалақысы көбірек деп РАПО – ға қызметке ауысып ем, енді штаттағы қысқартуға ілігіп отырмын.

-Қап!..

Шүкіршілік ет

-Осы елдің бүтіндігін ойлаймын деп, осы елдің қамын жеймін деп, шашым ағаратын болды.

-Ол қайта аз екен, мынадай опербақан мінезіңмен басыңның кетпегеніне шүкіршілік ет.

Араласу

-Көршілеріңмен қалайсың?

-Жақсы.

-Жақсысы түсінікті ғой, әлгі былай араласып – құраласып тұрасыңдар ма деймін?

-Араласқаны сол, кеше мына бір көршімнің туған күнін тойлаймыз деп шекем әлі сынып тұр емес пе?..

Барсақ барайық

-Көрші, әй көрші, қысылып тұрғаным, қолын тисе машинамен совхоз орталығына апарып келмейсің бе?

-Не боп қалды ?

-Кешкілік өздеріңе соғым етін татырмақшы едім, соған аз мұздап шөлмек керек болып тұрғаны.

-Ә, онда жарайды, барсақ барайық.

«Қара тізім»

-Қазір бұрынғыдай даурықпалықты қоялық, сын мен өзара сынды күшейт, - деп жатыр, содан түсер пайда бар ма?

Пайдасы сол, сын айтқыштар тезірек бастықтың «қара тымшес» ілігеді емес пе.

Табылған ақыл

Оқытушы:

- Ал кәне, кім Пифагордың теоремасын айта қояр екен, көне?

Оқушы:

- Ағай, маған рұқсат па?

Оқытушы:

- Кәне, кәне, айта ғой!

Оқушы:

- Айтсам ағай, Пифагордың сол теоремасын алдымен өзіңіз айтыңызшы, содан кейін біз – ақ айтайық.

Бөтегеміз жарылған жоқ

- Естідіңіз бе, бір бөлке наның төрт тиынға қымбатталты ғой?

- Қымбаттаса қайтейін...

- Қайтейіні несі- ей, қолақпандай төрт тиынға қымбаттап кетіпті деймін.

- Қымбаттаса қымбаттасын, бір бөтелке арағың төрт теңгеге қымбаттағанда да бөтегеміз жарылған жоқ қой.

Бәстесу

- Осы жолы шахмат ойнағанда ұтылмайтындығына бәстесесің бе?

- Бәстеспеймін.

- Неге?

- Ұтылатынымды өзім де біліп тұрмын.

Монша

- Елу теңге төлеп, моншаға қанша түсуге болады?

- Қашан естен танғанша.

Жинап үлгермейді

-Таңертеңнен кешке дейін үш бөлмені тазалап жинаумен әлекпіз, егер төрт – бес бөлмелі үйіміз болса қайтпекпіз?

-Онда мына түріңмен сөткелеп жинап үлгермессің.

Кім қашады?

-Бұлар үйінде отырмайды білем, бүгін үшінші рет келін тұрмын, тірі жан есік ашпайды.

-Есіңіз түзу ме өзі, егер семьясымен түгелдей курортта дем алып жатса, есікті сонда кім ашпақ?

Дұрыс қорытпағандықтан

-Сау адамның тамағын ішіп, ауру адамның сөзін сойлейтіні қалай?

-Асқазаны дұрыс қорытпағандықтан болар.

Өзі ауырса

-Ауырған екенсің, бюллетень неге алмадың?

-Бюллетень беретін таныс дәрігерім өзі ауырып қалса, қайтпекпін?

Түндегі ішкені

-Ішуді қойдым дейсің, қойғаның кәне, аузыннан иісі бүркырап тұр.

-Ол түндегі ішкендікі ғой.

Тағайындалды

-Әбсқсн жараған екен, ферма бригадирлігіне тағайындалышты дейді.

-Тағайындалғаны құрысын, тағайындалғанын жуамын деп кеше ғана қызметінен босатылды.

Сұраушы көп

Бұрын темекіні өзгелерден сұрап шегуші едім, енді көптім.

-Неге?

-Енді өзімнен де сұраушылар көбейіп кетті.

Жоғары жақтан

-Ой, таң атқаннан бері телефон соғып жатырмын, неге көтермейсің?

-Соқсаңыз қайтейін, сізден дәкейлер де соғып жатыр жоғарғы жақтан.

Бюллетеньді жапқан соң

-Бір ай демалыста жүрдің, жарты ай оқуда болдың, кейінгі күнде ауырдым деп бюллетеньмен отырсың, сонда жұмысты қашан істемекшісің?

-Бюллетеньді жапқан соң.

Аузыма түспей

-Бірді бастап, бірге кетесің, жөнді әңгіме айтсаңшы?

-Жөнді әңгіме аузыма түспей тұрса қайтпекпін.

Қарама – қарсы

-Екі қошқардың басы бір қазанға сыймайды дегенді қалай түсіпсің?

-Екі бастық қарама – қарсы кабинетте отырғанда.

Тақау қалғандықтан

-Тірісінде сыйласпаса да, өлгеннен соң ой, бауырымдайтыны несі?

-Өз тірлігі де тақау қалғандықтан.

Жел бітейін дегені де

-Шетте жүріп жақсы аты шықпаса да, елге келін көсемситіні неліктен?

-Желіккенде кеудесіне жел бітейін дегені де.

Соғым

-Құрдас, ә құрдас, соғымдыққа бірдеңе таптың ба?

-Таптым.

-Қайдан?

-Сен сатқан жабағының үстіне ақша қосып, көршінің дөңсіне айырбастап алдым.

-Қап!..

Синоптиктерден сұра

-Синоптиктердің «ертең күн ашық, үш градустан бес градусқа дейін жылы болады» дегені қайда?

-Оны синоптиктерден сұра.

Жалған мәлімет

-Сүдігер жыртуда алда келеміз деп бөсіп еліндер, мәліметте көш кейінде жүргендерің қалай?

-Ештеңе етпес, мындағылар мәліметті қайта берсе жетіп жатыр.

Не істеу керек

-Төрт бөлмелі пәтер алу үшін не істеу керек?

-Ол үшін бе, ол үшін әуелі оған екі семьяны кіргізген жөн, артынан біреуінің шығып кетуі оңай.

Қиын ғой

-Көрші, гарнитур алмақ ем, қаражат жағынан қарайласа тұрмайсың ба?

Қарайласар – ақ едім, қайтарып беруің қиын ғой.

Айып төлейді

- Кеше Шағырлысай жақтағы қалың піліктің арасынан нән коңнды атып алдым, - деді Кәуік маңғазданып.

- Ойбу, еңбексіз табыс дегенің міне осы, енді айып төлемей болмайды.

Жұмысы бітпегесін

- Жұмыстан бір тәулікке сұранып, апта бойы жоғалып кететіні не?

- Жұмысы бітпегесін де...

Пәтер түгілі

- Кәзіргі жастар қызметке тұрар - тұрмастан пәтер сұрайтындары қалай?

Пәтер түгілі астындағы машинаңды сұрамағанына шүкіршілік ет.

Неліктен?

- Арақ қымбаттаған сайын тәтті көрінетіндігі неліктен?

- Коштен ішпегендіктен шығар.

Кінәлі мен емес

- Кеше математикадан «бестік» алып едің, енді «екі» қоямын.

- Оған кінәлі мен емес.

- Кім сонда?

- Математикадан берілген есепті шығаруға папам көмектескен.

Енді

- Салауаттық қоғамына мүшелікке ендің бе?
- Ендім.
- Енді қайтпексің?
- Енді...жұмыстап кейін ғана жасырынып ішпекпін.

Ауыспай-ақ қой

- Кезекшілікті айырбастайсың ба?
- Айырбастағаны қалай?
- Ауысасың ба деймін?
- Ауысайын, бірақ сол күні газетте қате кетіп , сөгіс берсе саған ауыстырамын.
- Жо-жоға, онда ауыспай-ақ қой.

Бөліп іштік

- Ана жолғы азын-аулақ қарызыңнан құтылды ба?
- Құтылдым.
- Қалайша?
- Бір шөлмек коньякті екеуміз қылдай бөліп іштік.

Жағыну

- Бір мектемеде қызмет істедік дейік, сонда бастығыңа қалай жағыну керек ?
- Ретін тауып оңашада преферанс ойна да, өтірік те болса ұтыла сал.

Ағатайың курортта жүрсе

- Көптен көрмегесін-ау, көктемдей құлпырып кетіпсің ғой, өзі?
- Құлпырмағанда қайтеміз, ағатайың курортта жүрсе?..

Өзегі өртенгендіктен

Жайшылықта томаға тұйық көрінсе де, тойып алғанда
сөзім деп, жүртым деп өзеурейтіндігі неліктен?

Өзегі өртенгендіктен шығар.

Жәрдемдескеніміз ғой

Тұқымдық астықты тазартып үлгердік деп бөріктеріңді
асына атсаңдар да, көктем тумай жатып көрші
шаруашылықтардан қарыз сұрағандарың немене?

Көршілерге жәрдемдескеніміз ғой.

Несін ішеді?

Сіздің ауылда бие байлап, қымыз іше ме, осы?

Бағатын жер жоқ деп, биелерді ала жаздай алыстағы
жайлауға айдап өкетсе, несін ішпек?

Салауаттық аймағы

«Салауаттық аймағы» дегенді қалай түсінуге болады?

Арақ іншейміз деп, жасырынып сатып ішкенді.

Бағалай біле ме?

Қазіргі талап басқаша, жұмысты жанаша істеу керек,
қарным?

Жұмысты жаңаша істерміз-ау, соны бағалай білетін жан
бар ма?

Сызып жіберейік

- Шахматты бір кісідей ойнайсың, дойбыдан да жаман
емессің, преферансқа қалайсың?

- Көне, сызып жіберейік пе?

Көмектеспейді

- Балабақшаға баламды орналастыруға көмектеспейсің бе?
- Өз баламды қайда орналастырарымды білмей жүргенде, қалай көмектеспекпін.

Жылқылы ауыл

- Бұрын бұл мандағы елді мекенді «жылқылы ауыл» деп атаушы еді, жылқылары қайда кеткен, түге?
- Егін екпейтін, астық шықпайтын алыстағы жайылымда.

Жақындасты

- Шөке, өзіңізбен бұған дейін де коңіліміз жақын еді, енді тіпті жақындастық.
- Қалайша?
- Сіз директор болып істейтін дүкенге таяуда мені бастық етіп сайламақшы.

Есік ашу

- «Кері кеткеннің келіні есікті теуіп ашады» дегенді қалай түсінуге болады?
- Сыртқа қайра шық та, есікті жауып қой, содан кейін көрсетейін.

Өзің де сұрайсың

- Көше-көшеде қайыр тілегендер көбейіп кетті. Олар қайдан, қайтып келіп жүр?
- Жарты жылдап уақытында жалақыңды бермесе, кешікпей өзің де сұрайсың.

Солярлық мал

- Ет дүкенінде еттік тағамдардың болмай қалатындығы

өмірден?

Соярлық мал түгесілгендіктен.

Қыркыса берсе

Бұрышырақта бастықтардың екі замы болушы еді, қазір үшүге жетіпті. Неге олай?

Екі замы креслоға таласып, қыркыса берсе, үшіншісі арпайып болады да.

Қызыл шеке

- Қылмыс дегенің көбейді. Қазір кісі өлтіру мысық оңтіргенмен бірдей боп кетті. Сонда заңгерлеріміз не бітіріп отыр?

- Е, Парламенттегі депутаттарымыз кісі өлтіргенге ату жағасын береміз бе, өмірбақи түрмеге жапқызамыз ба,- деп әлі күнге қызыл шеке боп жатқан жоқ па?!

Қазынамыздан қағып

- Шет мемлекеттер делегацияларының олай өтсе де, осылай өтсе де Қазақстанды айналшықтап, төңіректендіктері несі? Тегі қыз алысып, қыз берісіп құдандалы болғылары келе ме?

- Құдандалы болмаса да, қазынамыздан қағып, қалталарын камнитқылары келетін шығар.

Әкелерінен қалған

- Қаладағы автобустарды жалға алып, ақша тапқылары көпші жүргізушілер ереуілге шықса керек. Олардың бар айтатын сынтаулары «аяғынан шойнаң басып, жүре алмайтындар ғана автобустарға тегін мінсін. Қалғандары қалталарын қағып, ақша төссін» десетін көрінеді.

- Олардың ақша табуы, басқалардың ақшаны шашуы керек пе? Әкелерінен қалған автобустары болса әкелсін

кәнекей.

Қайта сат

- Саяжай алғанның үй салудан басқа арманы жоқ деуші еді, рас екен, машақат болды.

- Машақаттан құтылу үшін тезірек саяжайынды қайта сат.

Басын қасынады

- Арақ ішкен азады, темекі шеккен тозады, шалап ішкен озады дегенді қалай түсінер едіңіз?

- Шалап ішкеннің тезірек шөлі басылады, темекі шеккеннің азаннан араны ашылады, арақ ішкен жан ертеңіне тағы да басып қасынады.

Қорқу

- Біреулер неген пәлседен қорық, өтірік, осек- аяңнап қорық, мезгілсіз ажалдан қорық дейді, ал бұл тіршілікте қандай адамнан қорыққан жөн.

- Аяғын аңдап басқаннан, кеудесімен көк тіреп, менмені асқаннан, тымырайып, түксиіп, ішімдегіні біл деген жаннап қорық.

Байлық

- Өмірдегі бар байлық денсаулық деген, баршамыздың денсаулығымыз мықты болсын, халайық.

- Паһ шіркін, ендеше сол денсаулық үшін тағы бір тосты алайық.

Радио

- Әй, саңкылдатпай ана радионың үнін өңіре салшы?- деді әкесі баласына.

- Көкс, қайсысын, телефонмен сойлесіп жатқан мамамның ба, әлде төрде тұрған радионың ба?- деді сонда ұлы дауыстап.

Табылады

Соным етіне шақырам дегелі қыс өтті, енді қашан шақырмақсың?

Жаңдағы жас сорпаға не жетсін, асықпасаң қой егі де сендер.

Соня,.. Сақыпжамал

Әй, -деді әйелі таңертеңгісін төсегінен тұрып жатқан күйеуіне одырая қарап,- сен осы курорттан келгелі ұйықтап жатқанда «Соня,Соня» деп сөйлене берсең, Соняң кім тағы?

Туһ, соны да түсінбейтін бала болып кеткенің бе сен, Соня дегенім мына тап өзің, Сақыпжамал емессің бе?-деді күйеуі оны алдаусыратып.

Оңай әдіс

Жылда,жылда Қырымға барып, гулайттап қайтасың, путевканы қайдан аласың осы?

Туған бажаң путевка беретін мекседе істесе қайтер сен сен

Үш есе ғып

Машинаның доңғалағы деген дефицит болды, сағарманмен саудалассаң, екі бағасын сұрайды.

Оған қиналатын несі бар. екі бағасына ал да, үш есе ғып қайта сая.

Руың кім?

Қарағым, арғы тегің кім, руың қандай?

Руымды білмеймін, атамнан сұрар едіңіз, әттең ол кісі өткер жыл бұрып қайтыс болған.

Бос сөз

Мына жазған түсініктемеңе түк түсінсем бұйырмасын.

Ішінде «бос сөз» көп.

- Қандай?

- Мәселенки, «Малдекең облыс, аудан орталығынан лауазымды адамдар келсе, совхоз отарындағы семіз қойдың любойын әкеліп сояды да, артынан өздері көз қысты, бармақ ұстады деп келісіп списайт етеді» немесе «Малдекең барып тұрған жүлік, жүліктігіне не берерсің, тіпті ол жекеменшік «Москвичін» де аяп мінбейді, мінсе де оған деген бензинді жанармай таситын туған бажасы Кәуіктен құйдыртып алады». Осы сияқты жанға тиетін «бос сөздерді» борксеміктей езіп шимайлаған сені әлі күнге замдиректорлық қызметте ұстап жүргеніме таңмын.

- Сондай-сондай «бос сөздердің» көптігіне көзіңіз жетсе де оған дүдәмал болып отырған сіздің директорлық қызметте қайта қалғаныңызға мен де таңмын.

Қатық іш

- Кәуік, ө Кәуік, Жана Жылға дайындықтарың қалай?

- Дайындығың несі, қандай дайындық керек?

- Оны-мұны алдыңдар ма деймін?

- Е, балаларға лимонад, «Пепси-коласын», келіншегіме бауыр, асқазаны ауыратын болған соң минералды су, шай-суанын әзірлеп қойдык.

- Өзіңді айтам, өзіне ше? Қазір құрып кеткір «Наполсон» коньягің-246, «Шампаның»-200 теңгеден асып кетті ғой.

- Тәйірі, оған бас ауыртып қайтсеміз, дүкендерде әзірге кефир, қатық бар емес пе, қатық ішеміз дағы, қатық...

Сол жетеді

- Әй күрдас, соғымды қайттың, соғымды? Биылдық ту биің 80-90 мыңға, тай-байтал-15-20 мыңға шырқап кетті ғой.

- Соғымды ма, соғымды өзіміз баяғыда-ақ жығып алғамыз.

- Қайдан?

- Қайдан дерің бар ма, оған да туыстар аман болсан де. Елге қыдырыстап барғанда сыбағамызды жеп қайтпаймыз ба,

Кезінде көреміз

Қазір ғой, рынокты экономика , нарықтық қатынастарға көшеміз деп өзеуреп , даурығысып жатырмыз. Ал ендеше , сол арнақ ұштында бәріне қарық боларына көзің жете ме?

Әрине.

Қалайша?

Оны кезінде көрсерміз.

Қайтпексің

Ейі, сенің бүгін неге қабағың түсіп кеткен сонша?

Түпенегенде ше, мына тәуелсіздік дегеннің маған пәле боп етті.

Ойбай-ау, бүкіл республика халқы болып тәуелсіздік деп ағамызға қуаныш, бәркімізді аспанға атып жатқанда мұшамалықты не корініпті саған?

Сол, сол емес пе , құртып тұрғаны, егер бала-шаған, айнана дейін тәуелсіздік алдық деп мұрындарын шүйіріп, айтқанында тыңдамай қиқу шығарып жатса, қайтпексің?!

Тапқанамыз қайсы, ұтқанамыз қайсы?

Алты жыл бойы « қайта құру», -деп өңеш жырттық, сонда тапқанамыз қайсы, ұтқанамыз қайсы?

Тапқанамыз Президент деген атауды өмірге әкеліп, коммерциялық дүкен, кооператив, сауда-саттықпен айналысатын жүліктерді қаптатып жібердік, ал ұтқанамыз 70 жыл бойы ел билеген компартияны құртып, Президентті қайта таптып тапдырдық.

Бүйткен жақсылығың құрысын

Тоқырау заманында «Бар жақсылық- балаларға!» деп

«Балалы үй-базар», «Балалар-біздің болашағымыз!» деген нақыл тағы бар.Енді не боп кеттік?

- Соншалықты неден түнілдің?

- Ойбай-ау, үйдегі кішкентайларыңа шұлық пен іш киім таппасаң, костюм, шалбар, пальто сатып алайын десең берісі 1200, кооперативте 2400-2500 теңге болса, балаларға жасаған бүйткен жақсылығың құрысын...

Қайта сатпақпын

- Дача алып па ең?

- Алғам.

- Үй салып па ең?

- Салғам.

- Жеміс-жидек егіп пе ең?

- Еккем.

- Солай де, мандай тер төгіп пе ең?

- Төккем.

- Енді қайтпексін?

- Үстеме бағамен қайта сатпақпын.

Үйленем бе?

- Құрдас, ә құрдас?

- О,не?

- Құрдас, әй, құрдас деймін?

- Не?!

- Мына маған бар ғой , мына маған сіздің үйдегі құрбы өте ұнайды.

- Соны да сөз деп, әй, есуас болмасаң, әйелім өзгеге ұнамаса, үйленем бе?

Әкел қолды

- Кімді сыйлау керек, кімді сыйламау керек?

- Сыйласаң өзің біл, сыйламасаң өзің біл.

- Жоқ, сен дұрыс айтпадың, кімді сыйлау керек, кімді

сыйламау керек?

- Сыйласаң сыйла, сыйламасаң сыйлама.

- Жоқ, сен дұрыс айтпадың деймін, кімді сыйлау керек, кімді сыйламау керек?

- Ойпырай, тас кенедей жабысып қоймайды екенсің, өзінді сыйла да, өзгені сыйлама.

- Міне, міне, ойымнан дөп түстің, әкел қолды!..

Қол жұмсамағанына

- Бесіктен белі шықпай жатып, әкесіңдей адамға тіл тигізгені несі?

- Тіл тигізгені ештеңе емес, қол жұмсамағаныңа нүкіршілік ет.

Қант жеме

- Қазір қант дегенің қат болды.

- Неге?

- Қант сатып алу үшін талон керек, талон үшін пәтерақыңды алдып-ала төлеп отыру керек, пәтеракы төлеу үшін қаражат керек.

- Онда қант жеме.

Суық жаққа

- Күн сәл ысыса-ақ жүрегім өз-өзінен өрекіп, қан қысымым көтеріледі осы.

- Олай болса, суық жаққа көшіп бар.

Кооператив көмектеседі

Басбух:

- Хозрасчет, хозрасчет деп тұралап қалғанымыз мынау, сенді бұл шығынға қайтіп шықпақпыз?

Бастық:

- Саспа, кооператив көмектеседі...

Сұраған соң

Күйсеуі:

- Жариялылық деген осы, кеше қоймадан екі қап қартоп әкелгенімді көршім біліп қалыпты.

Келіншегі:

- Қайта-қайта емініп сұраған соң, бір қабын қарызға мен бердім ғой.

Қасық қанындай құндап

- Темскіңнен біреуін бере тұршы?- деді мынау екінпісінен қиылып.

- Жоқ, бере алмаймын.

- Тым құрыса тұқылынан қалдырсайшы онда.

- Қалдыра алмаймын.

- Ой немене, соншама қасық қанындай құндап...

- Құндамағанда ше, қазір осыз да кабинеттің ішін көк түгінмен ыстайсың кеп, ыстайсың кеп.- Сонда сеніңше өзгелер көк түгінге тұншығыш демалмақ па?

Жүн-жұрқаға

- Тух, үсті- басыңнан түк көріпбейді ғой, сабанның мекені ме, қайткені, тысқа шығып киімдеріңді қағып кірсейші,- деді әйелі күйсеуіне оқырая қарап.

- Сенің де киратып отырғаның шамалы, кеше күс төсек, жастықтың тысын жаңалаймын деп үйдің ішін жүн- жұрқаға толтырып жібердің емес пе.

Жаз да шықпай ма?

- Саяжай дегенің рахат екен, тым құрығанда бірмезгіл таза ауада тыныстайсың.

- Ойбу, тап мынадай қақаған қыс айында оған қайтып бармақсын ?

- Қыс болса қайтейін, енді бірер айда жаз да шықпай

ми?

Мүз айдыңға бармаймын

- Папа , ендігәрі сепімен мүз айдыңға бармаймын.

- Неге?

- Тамам жүрттың көзінше қайта-қайта сүріншектеп, мас кісідей құлай берсең.

Жинағың қайда?

- Жинағымды баспаға тапсырдым дегеніңе де екі-үш жылдай болды, сол жинағың қайда?

- Оны шығаруға уәде еткен адамым басқа қызметке ауысып кеттігі.

Танымайды

- Аға, ассалаумағалейкум!- депті көшеде кездескен бейтаныс бір жігіт Кәуікке.- Үйдегі бала-шаға, жеңеш, бәрі де аман-сау ма?

- Ініпск , гафу еткейсің,- десе керек бұл ,- мен сені қайда көргенімді есіме түсіре алмай, таныцқырмай, шышымен-ақ кицалып тұрмын.

Туған нағашың

- Жылда-жылда соғым сойып, жыпы жұмсаққа үйренген көршің биыл қайтер сен?

- Тағы да біреуін соятып шығар.

- Ту биеннің бағасы 90 мыңға, байтал, дөшенің 20-25 мыңға шарықтап кетсе, соншалық пұл оған қайдан келмек?

- Тух, соны да сөз деп , туған нағашың іргедегі ауылда жылқышы болса, сен қайтер едің?

Тап сөйтсе

- Электр жарығының соңғы кезде бір жаның, бір

сөнгеніне жыным ұстайды осы.- Одан да мүлдем сөндіріп таста.

- Сөнсе не істемексің?

- Біздің кәсіпорындағы станоктардың бәрі электр қуатының күшімен жұмыс істейді емес пе. Тап сөйтсе бар ғой, әйтеуір электр жарығы жоқ деп, шалжиып үйде жатар едім.

Өзіңе-өзің

- Бұрынырақта жұмыстағы сәл-пәл кемшілік атаулыны көрсек, партия, кәсіподақ ұйымдары бар, соларға шағынамыз деуші едік, қазір кімге шағынарынды да білмейсің.

- Қазір ме, өзіңе-өзің шағын.

Жаттығу ғой

- Қыс түспей жатып тұмауратқаның не?

- Алдың ала жаттығу ғой.

Песі қуаныш

- Биылдықтай мол қар түскен жоқ. Балаларға да обал-ақ, бір сәтке көңілдерін көтерейік десек, енді орталық алаңда жылдағыдай «қарлы қалашық» салынбайтын болды,- десіп әркімдер уайымдап жүр еді, жарықтық бір-ақ түнде қыстайлық қар жауды ғой.

- «Қарлы қалашық» түгілі тәуліктен жарық пен жылу болмай «мұзды қалашыққа» айналып отырғанда мұның несі қуаныш дейсің.

Шахтерлерге ұқсап

- Алаң толған халық.- Нендей мереке еді бүгін.

- Нендей мереке дерің бар ма, зейнеткерлер шығар. шахтерлерге ұқсап, тағы да зейнетақыларын даулап жатқан.

Тумаған шығарсың

- Балам есік аш.- Мен ғой,..

- Менің кім?

- Мен деймін, туған әкеңмін.

- Туған әкем екеңің қайдан білейің,- деді баласы арғы жақтан дауыстап, бәлкім тумаған шығарсың.

Шұжық әкелер

- Сырт хабардан естуімізше, ауылдағылардың ұпайы түгел сияқты.

- Қалайша?

- Кезектесіп соғымдарын жығып, бірін-бірі омыртқаға шақырысып, қыза бөртіп жатқан көрінеді.

- Е, бұйырса біздің де ұртымыз майланды десейші, «ұялған тек тұрмас» демекші, балашағаның сыбағасы деп, өйтсеуір ұялғандарыпан бір-бір шұжық әкелер.

Көрдім ғой

- Мына іргедегі Петропавлда, Торғай мен Қарағандыда, ал таяуда Семейде көпқабатты үйлерде газ балонын дұрыс қолданбаудың салдарынан жарылыс болды, содан біраз адам зардап шекті десіп жатыр емес пе, теледидардан.- Құдайым осындай кездейсоқ қауіп- қатерден сақтасын де бізді.

- Сақтаса сақтар, бірақ кеше сенің көршіңнің «осы уақытқа шейін газ жоқ, надоело все это!» деп бесінші қабаттағы пәтеріне газ балонын апара жатқанын көрдім ғой...

Айырмашылық

- Бұған дейінгі көссемдеріміз «Коммунизм дегеніміз: Кеңестер одағы, плюс бүкіл елді электрлендіру» деп өктемсі сойлеп, жаратқан иемше жарапазан қағушы еді.- Ендігі қоғамға қайтып жетер екенбіз?

- Капитализм- бұл бүгіндей елді жекешелендіру және

электр жарығынан сықсима шамға көшу,- деп өретүрекелуі анық.

Адам- балық

Кейінгі кезде өкпе ауруымен сырқаттанушылар көбейіп барады. Емдейік десек, дәрі-дәрмектер жетіспейді. Дәрі-дәрмек сатып алайық десек , қаражат жоқ,- деп алақанымызды жаюдамыз.Шындап ауырғандар қайтпек?

- Кинодағыдай адам –балыққа (человск- амфибия) айналуы керек.

Тәнін сатпаса

- Баяғы кеңес дәуірінде жасырып сауда- саттықпен айналысушыларды «алыпсатар» деп жазаға тартушы еді.- Қазір әйел- еркек демей, екінің бірі өздерінше «кәмерсантсымақ». Сағыз сатқан не сән, тоқаш сатқан не сән?! Бұрыш-бұрышта қолдан жасалған « самопал» арақ сатып жатса да , оған қарайтын тағы жан жоқ...

- Күнкөрістің камы ғой бәрі, әйтеуір газеттерде жазып жатқандай, қаракөз қарындастарымыз тәнін сатпаса боқты да,..

Жалақысын алған күні

- Киындығы мол мамандық иесі- журналист, жүйкесі ерте тозып, жүрегі қағып, аз жасайтын да- журналист, еңбегі тұз, еленбейтін де- журналист, ең аяғы қаратабап, жалаңаяқ та журналист,- деп өзімізді өзіміз кемсігіп, аяқтап шалып жатамыз.- Ендеше журналист ағайындардың да айы оңынан туып, шалықтайтын кезі бар ма?

- Бар ғой.

- Қашап.

- Жалақысын алған күні.

Көрерміз

- Биылдық анау- мынаумен соғымның етін түгестік, келер жылы не істер екенбіз?

- Келер жылды ма, тірі болсақ , бұйырғанын келер жылы көрерміз.

Өсіріп жіберді

- Құдай бізді қашанғы жылата берсін.- Көкшетауда бүгінде электр жарығы тәуліктеп сөнбеуге айналды.Ыстық тамағымызды уақытылы ішіп, кешкілік телелидар көріп, рахат болды тіпті.

- Рахатын қайдам, киловатына тағы да 4 теңгеден өсіріп жіберді емес пе.

Қарның тоймай ма?

- Жсуге нан таба алмай отырса да, қазақ тойдан жалығар емес.

- Енді 50,60,70-інді қойып, 35,45-теріңді тойлай бастады,..

- Тойласа тойласың, қайта үйіңде көзің көрмейтін тағамнан жеп, қарның тоймай ма?

Түрекелген соң

- Жүрттың бәрі түрегеп сөйлеп жатыр ғой, тілек айтады екенсің, сен де сөйтсейші,- деді той үстінде отырған келіншегі күйеуінің арқасынан түргіп.- Әйтпесе ұят болып жүрер.Сонда ақша сылқия тойып алып, ықылық атып тұрған мынау:

- Е-е, мен немене, елден ерекшемін бе, түрекелген соң тағы да отыру керек емес пе,- депті орнынан тұруға қиынсынып.

Құтылған жөн

- Жұмыста анау-мынау келіспеген жағдай болса, бастығын

ұрсады, кешкілік аздап бой сергітейін деп үйіне ішіп барсаң, әйелің ұрсады.- Қайтып күн көрмекпіз енді?

- Екеуінен де құтылған жөн.

Әрі қарай

- Оптимизациялау деп мектептерді, ең аяғы колледждерді біріктіріп жатыр.-Кітапхана , клубтарың ол құрыды.Бала бақшалар да жабылуда.Әрі қарай күніміз не болмақ?

- Әрі қарай ма, оптимизациялау бітіп, септимизациялау басталғанда білесің.

Мәжіліс өтті деп

- Зейнетақы мен еңбекақыны дер кезінде өтеу жөнінде шұғыл топтың күнде-күнде мәжілісі өтеді де жатады.- Солап келіп-кетер пайда бар ма осы?

- Неге болмасың, мәжіліс өтті деп хаттамасы тіркелмей ме?!

Жаздың тууын

- Қыс басталмай жатып , мазут бітіп, батареялар жарылып ел алдында маскара болып едік.Мұнымыз аздай күн жылынысымен Көкшетаудың көпесін топан су тағы басты. Қайтер екенбіз?

- Жаздың тууын күтеміз де.

Қонаққа шақырсын

- Үйдің бәрі соғымнан қалған азын- аулақ етіп не ыстай алмай, электр жарығы сөне берген соң тоназытқышта ұстай алмай әлекке түсуде.-Ауыздарынан жырып, соларып енді текке сасытып-бүксітіп, бүлдіріп алар ма екен?

- Оған несіне қам жейсің, мынадай аш өзек уақытта қайта етін түгелдей асып, бізді қонаққа шақырсын.

Ұмытпағанымыз жөн

- «Рынок қанша қысқапмен, қазақтың дастарханы кеміген емес, әлі де баяғы ішіп-жем, әлі де баяғы көл-көсір дүние» деп өңді-өзі астымызға көпшік қойып жатамыз. Сонымыз рас па?

- Рас болса, рас шығар.-Бірақ бұрынғылардың «кедей тыраш келеді» деген мақалын да ұмытпағанымыз жөн-ау деймін.

Аттың басын,..

- Кезінде тарихшыларымыз « қазақ елі капитализмге соқпай, жанамалай айналып өтіп феодализмнен социализмге бірақ шықты» десті. Қазір заман да өзгерді, басқа да өзгерді. Енді қайгер екен?

- Енді ме, енді «тарихтың доңғалағын кері айналдырып, социализмнен өте алмай, коммунизмге жете алмай, аттың басын қайта капитализмге бұрдык» дейтін болар.

Соны айтады

- Әркім «байыған сайын қалтырайды» дегенді қалай ұғынуға болады?

- Оны ма, мәселенки сол адамың қарапаның басында күздікке малып жығып, аузы майланып, бұдан қалды қыс ортасында тұтастай соғымын тағы сойып, осыдан туыс ретінде бір омыртқасын татырмаса, міне, соны айтады.

Арзандады

- Теледидардан да, радиодан да Кокшетауда сүт тағамдарының бағасы арзандады,- деп алақайлап жатыр ғой. Сол рас па екен?

- Рас болса рас шығар.- Алдыкүні бір литр сүтті 18 теңгеге алып едім, бүгін барсам 22 теңге дейді.

Қайта таласып

- Баяғыда біреулер Горбачевке «Жазға дейін тағыннан таясың, Президенттіктен түсесің» деп сәуегейлік жасағанда, ол «Ендеше жаз болмайды» деген сазарып. Сол сияқты биыл жаз болмайтын шығар өзі, бірде жауын, бірде қар көксалпақ қып бітті.

- Жаз болмаса болмайтын шығар расында, өйткені сол Горбачевің Президенттікке қайта таласып жүр ғой.

Сандырақтағанның көкесі

- Солженицын мырза қарадан-қарап Қазақстанға тиісуін қояр емес. Әсіресе, солтүстік облыстар ежелгі Ресейдің жері-мыс, деп сандырақтаудан жалықпайтынын қайтерсің?

- Оны оңтүстік жаққа әкелің, ыстығына әбден пыжғырып көру керек. Сандырақтағанның көкесін сонда байқарсың.

Оқуын оқығанмен

- Қазір бәлен мың теңге төлеп, оқу оқығаныңмен содан түссер пайда жоқ сияқты.

- Неге?

- Оқу орнын бітіргеніңмен жұмысқа орналасуың қиын.

Бізге берсін

- Елдегілер біраздан бері жауын жаумаған соң тасаттық бермекші еді, кешелер құдай иіп, онсыз да шелектен тұрып күйды ғой.

- Тасаттыққа шалмақ малын ендеше қарасуға қамалып отырған қаладағы бізге берсін.

Көшірмесі

- Соңғы кезде республикалық теледидардан «Ор теке»,

«Алтын дала», «Бозбала мен бойжеткен», тағысын тағы жақсы кабырлар беріле бастады. Тегі ісіміз оңға басайын деген-ау?

- Несі жақсы дейсің, солардың бәрі Мәскеудегі Останкино студиясынан берілетін «Поле чудестін», «Угадай мелодияның», «Любовь с первого взгляда» секілді телехабарлардың көшірмесі емес пе...

Қалтасы қалың

- Көкшетау қаласында құрылысы аяқталмаған бөлен нысанның қабырғалары қаңқайып тұр. Қаппап бітер екен?

- Қалтасы қалың біреулер сатып алғанда.

Құдай қосқан

- Бүгінде зауыт, фабрикаларды былай қойғанда, қолыңдағы өнерді жекеменшікке сат деп жатыр, түбі қайтпек?

- Құдай қосқан қосағыңнан айрылмасаң бопты да.

Не деуге болады?

- Бар жақсылық-балаларға! деп жүрің, барымыздан айрылуға айналдық-ау!..

- Қалайша?

- Бала бақшалар жабылып жатса, әупірімдеп ашылған қазік кластары тарап жатса, мектеп бітірген ұл-қызыңды әрі қарай оқыту үшін ақышұл талап етсе, әйтнесе теңгенді месе түтпай, доллар қажет етсе, не деуге болады.

Көше кезіп...

- Қазір әркім өз күнін өзі көру керек деген қағида берік қапылғасын келеді. Мәселенки, сен штаттағы қысқартуға іліксең, не жұмыс орның жабылып қалса, қайтер ең?

- Көше кезіп, қайыр тілер ем...

Нан сұрамайды

- Инвестициялық купоныңды өткізіп пе едің?
 - Өткізгем.
 - Тұрғын үй купонын ше?
 - Жоқ.
 - Неге?
 - Әр купоныңа 5 тиыннан ғана төлейміз десе қайтемін.
- Әйтеуір нан сұрамайды ғой, әбдірәнің түбінде жата берсін...

Сорпала

- Қазір соғым іздеп , бас қатырудың қажеті шамалы.
- Неліктен?
- Коше толған сатарман, ақпаң болса, солардан таңдаған етіңді сатып алда, сорпала.

Ауыз жоқ па?

- Ағаске, жисніңізге атаған қойыңыз былтыр егіз қозы туды деп едіңіз, мынауыңыз жалқы ғой?
- Ей қарағым, бізде ауыз жоқ деймісін.

Қорқамын

- Жайшылықта оңашада сайрағанда сондайсың, жұрттың алдында сөйлеуге келгенде жаңа түскен келіндей неге сызылып қаласың осы?
- Жұрттың қарғысынан қорқамын да.

Орнына түседі

- Кешегі тойда «ішпеймін» деп отырып, көбірек ішіп қойыппын. Басым кереметтей зсңіп барады.
- Онда үйіңе бар да, «ішем,ішем» деп қасарысып отырып ал.Сонда басың қайта орнына түседі.

Мен баратын едім

- Сіздерді ұжымдасып бір күндік демалысқа Бурабайға барды деп еді, өзіңіз бармадыңыз ба?

- Жок.

- Қап, пәлесінен аулақ деп едім, тап сіздің бармайтыныңызды білгенде ғой, мен баратын едім.

Ауысып кетті

- Тәкең пәтер үйін жуып па еді?

- Жуған жок.

- Дипломын ше?

- Оны да.

- Енді қайтті?

- Алты жыл сырттай оқыш , дипломы қолына тиген соң, пәтер үйді алған соң, жалақысы көп деп басқа қызметке ауысып кетті.

Сөйлемек түгілі

- Сөйлей білу де өнер-ау! Аңада теледидардан арнайы хабар бермек болғанда құрып кеткір аузыма сөз түспей тұтығыш, тілім күрметіліп сөйлей алмай қалғаным...

- Қазір сөйлеп отырсың ғой.

- Сөйлемегенде ше, жүз грамды тастап алсаң қарағым, сөйлемек түгілі бұлбұлша сайрарсың.

Сананы улап

- Қаладағы дүкен, ларектерде ішімдік атаулы қаптап тұр. Оның бәрін қайтеді?

- Мынадай қиыншылық заманда адамның санасын улап, ештеңені уайымдап, ойламау үшін суарады.

Жарылып біткенде

- Батарея жылымай, үй мұздап кеткен соң сантехниктерді шақырсақ келмейді, үй басқармасындағыларға телефон шалсақ келмейді, сонда қашан келеді?

- Батарея әбден жарылып біткенде...

Ауырмау керек

- Кездейсоқ сырқаттана қалсаң, қажет дәрі-дәрмегің таптырмайды. Таба қалсаң бағасы тағы удай, қалта қақтырмайды. Не істеуге болады?

- Ауырмау керек.

Ұрлап әлек

- Ауылдағылар «ақша жоқ, ақша жоқ»деп зар қақсап, қолдарындағы бар малын арзанға сатып тауысты. Енді қайтып күн көрер екен?

- Енді ме, енді бірінің малын бірі ұрлап әлек.

Көзді жұм да...

- Күн ысыса да бас ауырады, күн бұлттанса да бас ауырады, басты қалай жазуға болады?

- Көзді жұм да, жүз грамнан тастап-тастап жібер.

Мафия деген

- Мафия қайдан басталады?

- Жоғарыдан.

- Оны қайдан білдің?

- Білмесем айтам ба? Мәселенки, сіз директорсыз, мсп шопанмын. Әлдекімдер жолаушылап, тосыннан қопақшылап келе қалса, бір қойды актілеп, сой дейсіз бе, соямын. Міне, мафия деген осы...

Мақалдың мәні

- «Ит жоқ жерде шошқа үреді» деген мақалдың мәні неде?
- Әгерки, мен бармаған тойға сен барып, қоқиланып отырсаң, міне, соны айтады.

Күнелту үшін

- Қазіргідей қымбатшылық заманда қалыпты өмір сүріп, күнелту үшін не істеу керек.
- Тезірек баю керек.
- Баю үшін не істеу керек?
- Кәмерсант болу керек.
- Кәмерсант болу үшін не істеу керек?
- Кәмерсант болу үшін бұрынғылар айтқандай, «алыстан арбалап, жақыннан дорбалап», біздің тілмен жеткізгенде біреуден арзанға алып, екіншісіне қымбатқа сату керек.

Қалайсың?

- Жамап ағайыннан жақсы көрші артық деген, көршіңмен қалайсың?
- Араласып-құраласып дегендей, тәуірміз.
- Оны қалай түсінуге болады?
- Кейде бас жазуға опыкіне барсам, кейде ол біздікіне келеді.

Әменгерлері бар

- Елдің бәрі қазақтың санын көбейту үшін екі-үштен әйел алу керек деп жүр ғой, сонда біреуінен аса алмай жатқанда қалғанын қайтеспіз?
- Е, олардың да сен секілді әменгерлері бар емес пе.

Сол жылда

- Жыл аяқталып қалды. -Ит жылында түзелмесен түрмің

мешін жылында қайтер екен?

- Оны сол жылда айтармыз.

Мылжыңдасу үшін

- Елдің бәрі ақша жоқ деп жылайды. Ақша не үшін қажет?

- Ақша ма, күнделікті қат товарларды сатып алып, саудаласу үшін қажет?

- Саудаласу неге қажет?

- Саудаласу ма, өмір сүруің үшін қажет.

- Өмір сүру не үшін қажет?

- Өмір сүру ме, сен сияқты көкезумен мылжыңдасу үшін қажет.

Ажалымнан бұрын

- Айлығың пәтерақы мен газдан да артылмайды, елдің еркегіндей көммерциямен айналысайшы...

- Көммерциямен айналысып, ажалымнан бұрын өлерім жоқ.

Соққанын айтады

- Ертеректе әйел адам үлкен кісілердің алдын кес-кестеп өтпеуші еді. Қазір соға-моға жүгіріп өтетіндерін қайтерсің?

- Соққанын айтады, омақастыра құлатпағанына шүкіршілік ет.

Жаздан қалған

- Ауа райын болжайтындардың хабарлауына қарағанда, бүгін қар жауып, боран соғуға тиісті еді, керісінше жаңбыр жауып, жер тайғақ боп кеткені несі?

- Жаздан қалған жаңбырдың бірі шығар.

Мүлдем шықпай

- Жұмысты істесең де жақсы ат жоқ, істемесең де жақсы ат

жоқ, не істеу керек?

- Бюллетень алып, жұмысқа мүлдем шықпай қойған дұрыс.

Тілін тапсаң

- Соғым таптың ба, бауырым?

- Жо-жоға...

- Ауылдағы жылқышылардан ақырын сұрамайсың ба?

- Олар не істейді?

- Тілін тапсаң тай дейсің бе, дөнен дейсің бе, әлде ірі мал керек пе, әкеп берді.

Қайтесің?

- Қазір бар ғой, завод, дүкендерден бастап, бәрін аукционда жекеменшікке сатып жатыр, түбі неге соғар екен ?

- Құдай қосқан әйелің аман болсын де, қалғанын қайтесің...

Жұқтырдың ғой

- Тұмауратыш жүргенім ,түнімен ұйықтамадым.

- Ойбай –ау, ендеше бізге неге жақындадың, жұқтырдың ғой.

Бас болмаған соң

- «Басы ауырмағанның құдаймен ісі жоқ» дегеннің мағынасы недес?

- Бас дейтін бас болмаған соң құдайда пендей шаруа бар дейсің.

Қарыз

- Жұртқа қарыз ақша беріп, соныңды уақытылы ала алмаған жаман екен.

- Сен бай скенсің қайта, өзіміз сол қарызды қайдан аларымызды білмей дал болып отырмыз.

Сенің қызыңда

- Балаң оқуға түсті деп естідік, тойламайсың ба?
- Өзгеге тойласам да,тап саған тойламасын.
- Неменеден көңілің қалды сонша?
- Былтыр сенің қызың да оқуға түскен, содан алған тәжірибем...

Қайдан тауып жүр

- Қазір дәрі- дәрмектерді көшеде де сатуға айналды, олар мұны қайдан тауып жүр?
- Қайдан тауып жүр дерің бар ма, дәрі – дәрмек сататын дәріханалардан.

Тасаттық

- Әуелде жаңбыр тілеп, тасаттық беріп едік, енді тоқтата алмай әлекпіз.
- Қайта тасаттық беру керек.

Көшпесе...

- Коше толған жарнама,газет беті, радио, теледидар хабарлары толы жарнама,не қажеттің бәрі сатылады дейді,сонда ел түгелімен көшіп жатыр ма?
- Кошпесе сата ма?!

Қандай қазақпыз

- Шеттен келген ағайындарды «мәңгүл қазағы», «алтай қазағы», «қарақалпақ қазағы» деп кемсіткен боламыз, өзіміз қандай қазақпыз?
- Өзіміз бе, өзіміз, коренной мәңгүрт қазақпыз.

Қысқарту

- Сіздерде птат қысқартты ма?
- Қысқартты.
- Қалайша?
- Көрші мекемелердегілерден бір–екі адамды қызметке қабылдадық.

Жоламайды

- Құдайым ауырта көрме деп тіле...
- Неге?
- Ауырсаң бірге жүрген жора –жолдас түгілі, ағайын-туысың да жоламайды.

Тығып қой

- Баға күн сайын өсуде, сонда теңгені қалай тұрақтандырмақшымыз?
- Оған қам жемс, бар ақшанды шүберекке түй де, әбдірәнің түбіне тығып қой.

Соғым

- Ауыл-ауылда қолма-қол қаражатың болса, соғымдық мал сагып жатыр дейді. Бірігіп алсақ қайтеді?
- Қолма-қол дейсің, көк тиын ақшам болмаса, қайтып бірікпекпін.

Тойдың көкесі

- Нарық қанша қысса да, той дегенің азаяр емес.Тіпті елу , алпысты қойып, жұрт бүгінде қырыққа толғанын да тойлай бастады.
- Мейлі, байлығы жетсе тойлай берсін, тойдың көкесін тірі болсақ мына біздікінде де көресің.

Байқарсын

-Тіліміз мәртебе алып, өшкеніміз жанып, өлгеніміз тірілді деп алақайлап жатырмыз.

-Осыдан тіліміздің көгеріп кетері бар ма?

-Бар, әрбір жиналыс сайын «Құрметті ағайын!» деп бастап, әрі қарай орысша шүлдірлесен тіліңнің көгергенін сонда байқарсын.

Тапқырлық

Көшеде келе жатқан ауыл ақсақалы әлдесбір үй алдында ойнап жүрген екі –үш баланы тоқтатып:

- Әй, қай баласыңдар ?- Сен , сен берірек кел, - депті ол әлгілердің ішіндегі ересектеуіне, мен сияқты үлкендерді көргенде неге сәлем бермейсің ? Фамилияң кім өзі?

Тосын сұрақтан тосылыш қалған бала :

- Фамилиям ба, фамилиям Арғынбасов , - депті жерге қарап.

- Е, - депті ақсақал, өзіміздің Арғынбайдың немересі екенсің ғой.

- Ал сенің фамилияң кім,-деп екіншісіне тағы шүкпийықты.

- Менің бе, менің фамилиям Уақапов !

- Ә, сендер өзі бір атаның ұрпақтары екенсіңдер ғой .

Уақап әлгі Арғынбайдың жүгірмегі емес пе. Ал сенің фамилияң кім, балақай?

Жедеғабыл туып, тетелес өскен ағайынды үш баланың кешжелеуі атасын да, әкесін де ана екеуі еншілеп алған соң, мүдірместен :

- Сақыпов , - депті тақ-тұқ етіп.

- Сақыбың кім шырағым ?

- Сақып шешемнің аты.

- Ә, жаралы, келіннің атында да бала бар екен , боқты онда, - деп қолындағы аса таяғын тықылдатып қария әрі асыпты.

Баламысың деген-ау!..

Былтыр ғана бірінші орыс класына барған Асқарға елден

көпеш пағашысы :

- Қалай , жиенжан, қалада тұрғанмен қазақша сөйлеуді білесің бе?-деді сынамақ оймен. Анау болса «иә, білемін» дегендей басын шұлғыды .

- Кәне , хлеб дегеніміз не ?

- Пан

- Ал масло ше?

- Масло ма , маслоңыз май ...

- Сахар ше ?

- Сахарыңыз – песок...

Пағашысы мырс етіп күліп жіберді . Тілі шығаршықнастап бақшада , одан қалды, ойын алаңындағы құммен ойнап өскен бала сахарыңды песок демегенде қайтпек ?- деп оялады ішінен.

Қуын-ай!..

Кәуіктің пәтеріндегі телефонның жұмыс істемей тұрғанына бір аптадай болып қалған. Бұрынғыдай күні-түні шар-шар етіп, мазалайтын телефонның үні өшкеніне әсіресе, үйдегі кішкентайлары қуанышты сияқты. Бір- біріне жымыңдап:

- Тіпті ұйықтап жатқанымызда әркімдер телефон соғып, ниышымызды кетіруші еді, енді оңды болды, - деп қояды.

Күнлердің күнінде Кәуік жөндеушіні шақырып, телефонды қайта оңдатты. Әйтседе әкесінің мұнысына ұлы Асқар ренжімесе, қуанған жоқ.

- Неге қабағың түсіп кеткен, әлде телефон сабақ оқуға сағанда бөгесіндік ете ме ?- деген әкесіне:

- Жоқ бөгесіндік етпейді, тек үйге звондап, ойнап кеткенімді біліп қалатын болдыңдар. Оған да телефонның істемегені жақсы еді.

Баласының қулығына әкесі күліп жіберді .

Күнәсі барлар

- Аузың берік пе? -Ораза ұстап па едің?..

- Ораза ұстайтындай құдайдың алдында еш күнәм жоқ. –

Күнәсі барлар-ақ ұстасын.

Шақырылмағандардың бірі

- Шөкең, елу жылдығын тойлап па еді, осы?!-Сендерді оған шақырды ма?

- Өзгені білмеймін, шақырылмағандардың бірі-мына менмін, бес жыл бірге оқып, бес жыл бірге сыра ішіп, ақырында тойынан шетқақпай қалдым.

Пьеса жаз

- Пьесасы шықпай жатып, пьесасы сахналанбай жатып, драматург атын иелене қалатындарға таңмын.

- Ішің күйсе, сен де пьеса жаз.

Шалжиып жатасың

- Жаз, жаз болмады, күз тағы сөйтті, қыс қайтер екен?

- Қыста ма, көктайғағы аязына ұласады, қар жауып, бораны соғады, жыл бойғы азық- қазы мен қартадан кертіп жеп, шалжиып үйінде жатасың.

Қазақ радиосы түгілі

- Автобустарда болсын, басқасында болсын: «Русское радио: говорит Кокшетау,..» дейді де жатады.- Қазақ радиосы қайда сонда?!

- Қазақ радиосы түгілі облыстық радио жабылып қалып, қаржы таппай жатқанда не істемек?!

Қалтамызды «қампиттық»

- «Медициналық сақтандыру» есебіне нешеме жыл ақша аударып, онымыз далаға кетті. -Отбасылық дәрігерлік амбулатория құрып, одан да нәтиже шықпады. «Денсаулық жылында» не бітіріп, не қойдық?!

- Ескісін күзеп, жаңасын түзеп, қалтамызды «қампиттық».

Соғымдық ақша

- Соғымы барлар соғымын сойып жатыр деп естиміз.- Біз қашан сояр екенбіз.

- Соғымдық ақша тапқанда.

Жаның ауырады

- Балалардың ниеті түзу екен, бір-ақ түнде қалың қар түсіп, енді «Мұзды қалашықта» сырғанақ теуіп, серуендейтін болдық.

- Серуендегенінді қайтейін-ай, қаншама қаржы жұмсаған соң «Мұзды қалашықты» аптаға жетпей тас- талақан етіп жатқанын көргенінде жаның ауырады-ау!..

Саған емес, маған шығар

Төкеңнің бір әдеті қалжырай бастаса немесе ақана тойып аяқ оң жақ көзін әлсін-әлі жыпылықтатып қыса беретін.

Бірде көршісі Мәден немересінің пішпе тойына шықырып, бұлар ұзақ отырысып қалады. Ет желініп, шай ішер алдында әйелдер жағы қалта бөлісіп жатқанда еркек атаулы нұсқа үйге шығып, қарт ойнауға кіріседі.

Әлден уақытта қолы жүрмей, қарттан да қалжырай бастаған соң Мәден келіншегіне дауыстап:

Ой, бар болса бір шөлмек арақ пен тіске басар әкел,- дейді.

- Ойтнесе мыналар маужырай бастаған сыңайлы. Мұның соңы екі етпей келіншегінің жұмсауымен балдызы келіп, шафттан алған арағы мен тамағын ұсынады. Ұп-уыздай, екі бетінен қапы тамған жас қызға Төкең де сүзіле қарап қалады. Қас қылғандай көзі де қайта-қайта жыпылықтап кетеді.

Тамақ құрғатарлы бұлар бір емес, бірнеше мәрте жалғастырады. Тәрде отырған Төкеңнің қайта-қайта көз қысып, қайта-қайта сүзіле қарағанынан қымсынған Мәденнің балдызы өбден мезі болған соң ендігі ретте апасына:

-Тәтетай, ана жаққа енді қайтып бармаймын, анау ағай қайта-қайта көзін қыса береді,- дейді төмен қарап. Сіңлісінің әлденеден сезіктеніп, жоққа бола қуыстанғанына ыза боп кеткен апасы:

- Әй, қаншық сол, ей қаншық, әкендей адам саған көзін қысушы ма еді, мүмкін саған емес, маған қысқан шығар,- депті саспастан.

Ауылдыкі емес, қайын жұрттікі

Әу бетте-ақ нарық қыспағына алып, әркім өз тірлігін өзі жасай бастаған шақта жұмыссыз қалған, әйтеуір астарында жеңіл машиналары бар біздің елдің балалары да (жас жігіттер) әр жақтан малдың етін әкеліп, қаланың әр бұрышында, әр қалтарыс жерінде сатып жатқандарын байқаушы едім. Тағы бірде көшеде жас құнажының етін қанжоса ғып, балтамен бөлшектеп, әлем-жәлем саудалап жатқан олардың үстінен түстім. Әлгілердің бұл қылығына ойнаған боп, әрі ойымдағым да сол:

- Әй, інішектер, мына қалыптарыңмен ауылдың бар малын түгесіп бітіресіңдер ғой, бұларың не?- дегенімде, ішіндегі Мұрат есімді күшікештеу біреуі:

- Аға, аға, бұл ауылдан әкелінген мал емес, қайын жұрт жағынікі,- деп тауыш кеткені бар.

Үш ағаш та жетеді

Сонау бір кеңшілік заманда қазіргі «Көкшетауымыз» аптасына 5 рет шығатын. Бірақ ТАСС-тікі бар. ҚазТАГ-тікі бар, оның үстіне әрісі Мәскеу, Алматыдан, белгілікті қаламгерлердің өздеріне дейін повесть пе, роман ба, әйтеуір үзінділерінен бұрқыратып жіберіп жататын. Сондағысы, әйтеуір ол кезде шыққан материалға гонорар қойылады. Одан-бұдан қаршып алып қалу. Оның үстіне редакторымыз да солар басқаратын газет- журналдарға өз жазғандарын жібереді. Сөйтін озара «квит» болады ақырында.

Ал мындағы жеті-сегіз бөлімде істейтіндердің бәрі- олар да

«...ағайын, сен түрлар». Қысқасы не керек, секретариаттың кабинетінде шпалас дегенің, материал дегенің үйіліп жататын. Түрлар штатының қызметкерлердің жазған мақалалары, тағы бөлмедегі елдеуір кештіңкіреп барып, онда да планерка сайын «...ағайын үйі айласың әрең жарық көретін. Ол аз дегендей, сенің күндердің бірінде лауазымды қызметте жүрген «...ағайынның» біреуі «менің берген материалым неге кабинетінде шықпайды» деп мындағыларға қайта-қайта шағым бермей ма? Сонда газеттің жауапты хатшысы Окең, кәдімгі мына бұқарашев:

«...ағайын, анаусы бар, мынауы бар, оның үстіне Етешбағаштан Маман мен Жұмабай, Қарағаштан- үш бірдей Дашков ол бар, Төлеген, Жабал үшеуімізді айтады. Ортағаштан – Дәуренбек пен Ойрат, солардың жазғанын сыйғыза алмай жатқанда, сенікі не жорық, сол үш ағаштікі де жетіп берер,- деген ағаштан.

Аюдай ақырған

Ыстық парына (бу) шабынып шыққаннан кейін моншаның атыптырым болмаса да, дағарадай шешініп кінешті залында жайбарақат отырғамыз. Кенет ішке өз орнестерім-Сәкен аға (Әубәкіров) мен облыстық «Арқа алары» газетінің қазіргі фототілшісі Советбек Мағзұмов кіріп, онда көрсе де көрмегенсіді ме, әйтеуір әй-шүй жоқ шкафқа кінештерін іліп, шешіне бастады. Осы кезде қасымда отырған Мырзағали ағай, Көшекбаев маған бажырая қарап:

- Әй, мыналардың көздерін шел басқан ба, немене тіпті адам құсап амандасуды да білмейді.- Әлде моншада амандасуға болмай ма?- деді іренішті кейіппен.

Гух, ағасы-ай,- дедім сонда мен оның көңілін аңдаусырағып, ерте ндегідей, Арықбалықтағыдай райисполкомның председателі болсаңыз, немесе Чистопольдағыдай аупарткомның хатшысы болсаңыз, аңдаңызға келіп, құрақ ұшып сәлем берер еді. Әлі күнге ірінің де ауып іреп, кішінің де балтырынан қағып жүрген аюдай ақырған маған сәлем бермей тұрғанда, қолыңызда еш билігіңіз жоқ кейіпкер сізді қайтеді бұлар?!- дегенімде Мырзағали аға:

- Сәлемдері өздеріне, өлтірдің інішек, өлтірдің,- дөп шексіссі қата күлгені бар.

Аллергиям ұстайды

Төкең бір қағары бар, қуақылау жігіт болатын. Жұмысында да ынталы. Әйткенмен бойындағы бір кемшілігі ішімдікті төуір көретін. Ал арақ жүрген жерде достарының да көп болатындағы белгілі ғой.

Бірде жолдастарымен дойңкіреп жіберіп, Төкең төсегінен тұра алмай жатса керек. Әйелі көрпесін жұлмалап, қайта-қайта:

- Әй, таң атқалы қашан, жұмысыңа бармайсың ба?- дейді мазалап. Сонда апау бір көзің сығырайтып ашып:

- Қой дедім ғой саған. Түндегілерді көрсем аллергиям ұстайды,- деп қайта аунап түсіпті.

Ішпегенде былай айтасың...

Әйелдер мерекесі күні екен. Шағын топ тағы жинала қалыпты. Стол үсті тағамның түр-түріне сыңсып тұрғанмен, «ашы судан» дәнепе көрінбейді. Содан отырған жұрт Төкең:

- Сен «Жұлдызым» әнін жақсы айтады дейді ғой. Көне, мына әлке, қарындастарыңның мерекесі құрметіне де бір шырқатып жіберші, деседі қолқалап. Төкең қыңқ демейді.

- Мен ішкенде ғана айтушы едім, ішпесем дауысым шықпайды,- дейді сылтауратып.

- Әй, ішкені несі,- дейді отырғандар болмай.

Өрі-бері қоймаған соң Төкең әнді бастай жөпелді. Қайырмасына келгенде тіпті өнешін жырта шырқатады дерсің. Сонда төр басында отырған Байсәкен деген:

- Әй, әй, мынауың тіпті керемет қой, ішпегенде былай айтады, ішсе қайгер еді?- депті басын шайқап.

Қолың еді қой бағу

Жақан ағайдың, көдімгі жерлес ақын Жақан Сыздықовтың

«Ақжол бозырға барғанда» атты әзіл өлеңін көпшілік қауым естіген, өлеңін шығар деп ойлаймын. Ол жылдары өзім ҚазМУ-де сырттан оқитынмын. Әрі сессия сайын Жақан ағайдікінде жататынмын. Ақын-жазушылардың біразы және сол Интернационал көшесіндегі 129-шы үйде тұратын. Солардың бірі – Сырбай ағаны да сыртынан көрген болатынмын. Осы өлеңінде Жақан ағай Сырбай Мәуленов жөнінде былай деп қырыққан екен.

Құдай сені әуре ғып,
Ақын етті Мәуленов.
«Қолың еді қой бағу
Басыңа киіп дәу борік»...

Мұндағы айтайын дегенім, Сырбай ағаны мұқатқандық, кекеткендік емес, туған бауырдай боп кеткен екі ақынның бір – бірне деген риясыз көңілін, әзіл – қалжыңын басқаларға үлгі ету еді. Ойткені қазір Жақан аға да жоқ, Сырбай Мәуленов те дүниеден ертеде өтті емес пе.

«Биз билмайды»

Ауылымызда Шәкен ақсақалды білмейтін жап кемде-кем. Әсіресе, өз қатарлыастары сиреп қалса да, құрдастар жағы онымен қалжыңдасып, өткен-кеткенді еске түсіріп, қауқылдасып жататын.

- Бала кезіміз еді,- дейтін солардың біреуі, - ауыл сыртында аман ат мініп, ойнап жүргенбіз. Кенет анадайдан пәуескелі орыс мұжықтары қасымызға жетіп келді. Арамыздағы ересектеу Шәкенді қол бұлғап шақырып, бірдене деп шүлдірлеп жатыр. Ойтсеуір көп сөздерінің ішінен құлағымызға жеткені: «Где Терновка дорога?» Сонда Шәкен саспастан: «Биз билмайды» деп аман ағып шу- шулеп әрі қарай жүгіре жөнелді. Біз де оның соңынан ердік.

Енді артынан ойлап отырсақ, әлгі мұжықтарымыз сивулагер-купецтер екен де, бізден мына іргедегі Шүбарайғырдың, Терновканың жолын сұрапты ғой. Ал ол кезде орысты көрмек түгілі орысша бір сөз білмейтін біз сияқтылар Шәкен сықылды «Биз билмайды» демегенде қайтеді?! Тіл өлшемсіздік міне, сол...

«Басқарманың әйелі босанып»...

Жастау кезіміз еді. Онда біздің ауыл «Карл Маркс атындағы колхоз» деп аталатын. Колхоз болған соң, оның басқармасы да /қазіргі төраға, болады ғой. Осы арада айтайын дегенім, бірде Көкшетау қаласындағы қазақ педагогикалық училищесінде оқитын ағайым демалысқа келгенде өзімнен бірер жас қана үлкен апайыма:

- Өзгесі өзге-ау, басқарманың әйелі босанып, қуапып жатырмыз деуін, басқа сөз таппағандай, - деп, ұрсып кейін отырғанының үстінен түстім. Ал шешеміз болса :

- Қайтесің, әлі бала емес пе, хат жазбаса жазбады деп жазғырасыңдар, жазса тағы да кінә тағасыңдар, - деп ара түсіп жатыр екен.

Сөйтсем апайым хат жазады да, ауылдағы бар жаңалықты түгесіп болған соң, таяуда ғана ұл тапқан басқарманың әйелінің босанғандығын да сүйіншілеп хабарлайды ғой. Қазіргідей ірі совхоз орталығы емес, оның үстіне радио, теледидар жоқ шағын ғана ауылда әлгіден басқа не жаңалық болсын. Бар жазғаны сол екен. Содан «басқарманың әйелі босанып»... деген сөз тіркестері есіме түссе әлі күнге күлкім келеді де тұрады.

Қыстыкүні түгілі

Ана бір жылдары саяжайлық жер алу , тышқак лағыц жоқ бола тұрып қарызданып – қауғаланып астыңа жеңіл машина міну «ауруға» айналды емес пе. Жұртқа еліктеп біріміз «Жигули», екіншіміз «Москвич» сатып алғамыз. Бірақ техникадан түк хабарымыз жоқ бізге машинаға от алдырып, сәл – пәл босаса бір гайкасын бұраудың өзі мүң еді .

Содан күндердің күнінде жұмыс арасында отырып, әңгіме соқпаймыз ба? Бәрін айтып–айтып тауысып келіп, ендігі мезетте машина, шоферлық тақырыбына ауыстық. Өз басым қыстай гаражға бармағанымды, қар кетіп, күн жылыңған соң ғана есігін ашқанымды, әйтеуір аккумулятор жаңа болғасын ба, машинаның тез от алғанын сөз етіп мақтанбаймын ба? Сонда қасымда тұрған замандасым Бекен: Біздің «Москвич» қыстыкүні

түпкі жаздың қайнап тұрған ыстығында да әке десең от алмайды,-деп шек-сілегімізді қатырғаны бар еді . Тегінде біздің универсальный шоферлық тәжірибемізді осыдан- ақ біле бер.

«Мақта мейлі, мақтама мейлі»

Шорган ауданындағы меншікті тілшіміз Сәмең кейіпкерлік жасына толып, соны шағын топпен атап отпек болдық. Сол уақыттағы жерком төрағасы Кенжекең: -Ал жігіттер, жұмыс аяғында тарап кетпендер. Сәмеңді құттықтайық, - деді. Сағат тілі алтыдан аса бере жинала қалдық. Бір жоғы жеті, сегіз адамбыз. Байқаймын, Сәмең үлкен қара сумкасына салып, аздап піскен ет, бауырсақ, тіске басар тағы оны-мұнысын әксіліпті. Төрт-бес шыны арағы тағы бар екен. . Содан кішігірім той басталды да кетті. Анау да, мынау да сөйлеп жатыр. Шөлмектердің де екі-үшеуі босап қалды. Кезек Кенжекеңге де жетті.

-Біздің Сәмең еңбек жолың республикалық аға газеттерден бастаған. Қарағандының, Ақмоланың облыстық газеттерінде де жеткен. Талай награда, лауреат атағы да бар,-деп қосіліп, меншілің келе жатқанда, «той иесі»:

-Әй,әй, Кенжеке, сен мақта мейлі, мақтама мейлі, енді соңғы шыны ғана қалды,- демесі бар ма. Отырғандардан әлдекім мыре ете түсті. Кенжекең де сөзін доғарып, сап тиылды.

«Аналар күнін көрер-ау, басқасы қайтпек?»

Алқалы той етіп жатады. Өңшөң ығай-сығай ақын-жазушылар жиналған бұл той өлеңсіз өткен бе? Анау да, мынау да ортаға шығып, екі қолын кезек-мезек ербендетіп, екілепші, шашы барлары қайта-қайта шашын артына қайырып, шашы жоқтары қасқа басып бір сипап қойып, ал кеп өлең оқымай ма?

Кезек Сәкен сері, Сәкен Жүнісовке де жетеді. Былайғы жұрт Сәкенді қара сөздің хас шебері ретінде ғана білсе де, оның өлең оқығанын естімеген де, көрмеген. Не керек, Сәкен ағамыз жиналған көпшіліктің алдында бұл жолы «ақын» ретінде де бір қырынан танылады. Сонда Сәкеннің бұл «өнеріне» шын риза болған інісі Иранбек ақын, Иранбек Оразбаев:

-Сәкен аға, анау Өтежандар (Нұрғалиев), Тұманбайлар (Молдағалиев), Қадырлар (Әли-Мырза) ақын болып күндерін көрер-ау, ал Сіз былайынша өлең жазып, тамам халықтың алдында осылайша өлеңіңізді оқығанда басқалар қайтпек?-деген екен.

Былқылдатып , сылқылдатып

Қазақта «отыз күн ойын, қырық күн тойын» деген сөз бар смес пе. Солай демекші, тағы бір дүрмекті тойда ішіп-жем болады. Әркім кезек-кезек тост айтып, әбден қызады. Әлдеп уақытта кезектің реті Сәкен сері, Сәкен ағамызға да келеді. Сөйлесуге ерініп, әбден қажып отырған сері оның үстіне ұзақ тостардан жұрттың ығыр болғанын сезіп:

-Ал ағайын, ең әуелі былқылдатып қағып жіберейік, содан кейін сылқылдатып алып жіберейік,-деп қайтадан орнына қонжия кетіпті.

«Әкем өліп, оңды болды»

Бірде қалада тұратын Арап ағаймен жолыққанымызда:

-Анда-мында баруға қол қысқа, биылғы жылды репрессия уақытысында қуғын-сүргінді көргендерді еске алу жылы деп жатыр ғой. Зарап ағай, Зарап Темірбеков туралы тағы бір естелік жазып берсеңізші,-деп қолқалағанымыз бар еді.

-Әй қойыңдаршы,-деген болатын ағамыз сонда кеңкілдеп күліп, баяғыда біреудің әкесі қайтып, содан көрші-көлемнің бәрі әлгіні есіркеп, мұсылмандық жолымен қонаққа шақырып, етке кеңірдегінен келтірсе, ол байғұс үйіне келіп:

-Әкем өліп, оңды болды.-Ғұмыры жеп көрмеген жылы-жұмсақтың бәрін жеп, әбден қарным тойды, - деп кергісе керек. Сол айтпақшы, туғанына 90 жыл толуы қарсаңында Зарап ағайымның арқасында теледидарға да түстім, газет беттерінен де көріндім, радиодан да, тіпті жиналған алқа топ алдында да сөз сойледім. Текке әурелей бермеңдер, қартайғанда қақшаңдай берсек, көз тиіп кетер, биылдыққа осы да жетер, - деп еді.

Өң мен түс

Түс көріп жатыр екенмін деймін. Түс көргенде де және көлімгі өңімдегідей. Көз алдымда көлбеңдеп өтіп жатқандардың көбісі өзімнің күнделікті араласып-құраласып жүрген көршілерім мен таныстарым. Өне, әне, қолында қос торкөзі бар Иван Демидович тағы да дедектеп гаражынан «қыстықтарын» әкеле жатыр. Зейнеткерлікке шыққанға дейін қаладағы балық шюдын билеп-төстеген оның бұл қашанғы әдеті. Кезінде директор болып тұрғанында түскілік уақыты ме, кешкісін бе, өтсеуір служебный «уазигінен» сөмке-сөмке свежий ма, қыстықтары ма, қарастардың неше атасын үйіне әкеліп түсіріп, тоғытып жататын. Икра деген былайғы ағайынға зәру затың тағы бар. Қазіргі күн көрісі мынау.

-Дачный сезон приближается. Надо готовиться,- деп қояды өкі шығынан дем алып.

А что толку,-деймін менде орысшылап,-то ничего не растет, то соседи друг у друга воруют.

Шынымды айтсам, көршім дағарадай үш бөлмелік үйде өтсемен ғана тұрады. Екеуі айына зейнетақысы бар, жордемақысы бар 16-17 мыңдай алады. «Не жетпейді екен бұларға,- деймін ішімнен. Балалары шетте. Үйлі-күйлі. Өмірінде жиһаз, дүние жетерлік. Бііздікіндегі тоназытқыш ашынан енді шулатып-улатып дүрілдеген трактордай гүрілдеп тұрғанда Иван Демидович гаражынан анада запастағы жаңасын өкеш қойған. Баяғыда біз байғұс «деревянный рубльдерді» төртте айырбастап жүргенде бұ қуларың «недвижимостың» не түрші кір жуатында, іс тігетін де машиналарды, тоназытқыштарды, шаңсорғыштарды, мебельдерді ала беріпті той өтсеуір. Енді артығын долларға, маркаға бұлдауда.

Қонынан билігі тайып, шау тартып қартайған қарттарды көрсетіп, оған да қазіргі жастарды айтсайшы. Елеусіз есімді өтсемен асып, қырықты иектеген көршімнің біздің үйдегі келесі не өтсемен төрт бөлмелік пәтерді сатып алғаны күні кеше еді, өтсемен қара, қаланың қақ орталық көшесінен жеке дүкен ашып, өтсемен шаңсорғышпен нәпақа болуда. Ауылдан келгенінде қолындағы көлбең сатып па, алған шұрық-шұрық қырық жамау «Москвичі» өтсемен, қазір «Фольксваген» мініп жүр. Үсте-дубленка, аяқта

хром етік дегендейін.

Жарайды, қайсыбірін айта берейін, анау қарсы үйдегі Нағашыбекті қарашы. Әуелде қаржы полициясында қызмет істеп еді, қазір ішкі істер басқармасында білдей бір бөлім бастығы. Шені де өскен сияқты. Бұрынырақта түскілікке мен сияқты кейде жаяулап келіп, кейде автобуспен жүруші еді, енді байқаймын күнде оны есік алдында әлеңкедей жалаңдаған «Волгамен» шофері күтіп тұрады. Машинаға міне бере, бәрі күйіп-жанып бара жатқандай қалтасындағы сотовыймен өңешіп жыртып, аузы көңіріп сөйлескенін қайтерсің және.

Мынау бір көршім-Володяң одан да асқан сойқан, Көкшетау облыс орталығы мәртебесін иеленген соң. Астанадан көшіп келіп, облыстық салық инспекциясына қатардағы қызметкер боп орналасқан еді, енді бастықтың орынбасары деп естимін. Болса болсын.Қайта бағы жансын. Қолынан іс келсе неге сойтпеске. Әйтпесе, біздің Мырқымбайлар мен Мешітбайлар жүр емес пе, көшеде кетіп бара жатқан көлденең көк аттыны торуылдап. Сондай-сондай бездельниктердің арасында есірткіге еліріп, анаша тартып жүргендері қаншама дессіңізші. Жезөкшелер санын, СПИД-тің қатарындағыларды өзіміздің қаракөздердің көбейтіп жүргендіктерің қайда қоямыз.

Бірді бастап, бірге кеттік-ау, түсімде көрмеген пәлем жоқ. Ұрлық жасап, қолға түскен бауқеспені де, пара алам деп, тордың аржағынан шыққан тоғышарды да, жалғыз чемоданмен келіп, көп ұзамай «Мерседес» мініп, коттедж үй тігіп, шекесінен қараған бүгінгі күннің қарынтоқ шермиген байларын да, баласы арақ ішіп, рульге отырып, қарсыдағы машинамен соқтығысып қалып, бұған қолдаушысы-қорғаушысы жоқ соңғысы кінәлі болғанды да, елді-жұртты шулатып, қан қақсатып, банкротқа ұшыратып, талан-таражға сап, бар тапқанды қалтаға басып, басқа жерге барып, әкімдікке сайланғанды да, өз әйелінің көзі тірісінде жүріс жасап, тоқалмен «тығылмақ» ойнағанды да, халықтың қамын жеген боп, зейнеткерлікке шыққанына бәлен жыл өтсе де, билікті кейінгі жастарға бермей жүргендерді де, онымен қоймай аннан да, мыннан да алып үйренген бұлардың өзін-өзі ана атаққа да, мына атаққа да ұсынғандарын да, оптимизациялаудан орғып өтіп, привитизациядан тағы құр қалмай, жанды объектілерді қарабақыр тиыпға өңешінен өткізіп,

көрмбайыр былайғы халық бала-шағасын не оқыта алмай, не асырай алмай, басы сандалып әңкі-тәңкі күйде мәңгіріп отырғанында кафе-ресторан дейсің бе, немесе «түнгі көбелектер» шоғырланған казино-сыраханаларды ашып, мұртынан күлгендерді де көрдім-ау...

Әйтеуір құдай сақтап, онсыз да денсаулық жоқта, жүйке жұқарған дімкәс байғұс бұл шым-шытырық түстердің соңынан жүрек жарылып, шәйт боп кетпей, «мен неге солардай болмаймын, мен неге басқалардай атақ-даңққа масаттанып, қарып тоқ, уайым жоқ, кеуде керіп жүрмеймін» деп айғайлап жатып, оянып кеттім. Оянуын оянсам да, түсімдегі тамырталыстықтың, жарамсақтықтың, жершілдіктің арқасында әлі күнге еш уайымсыз қайғысыз жер басып, тірлік жасап жүрген өңкір мүңкір мүскіндерге, бүгінгінің жандайшап-жантықтарына үксемей, адал еңбегіммен, қарақан басқа берген тірлігіммен біреуден кейін, біреуден ілгері дегендей өмір сүріп жатқанымға күштім. Осы жасқа жеткенше біреудің ала жібін аттамағаныма да Құдай куә! Тәңірім осыған да тәубе, шүкіршілік!- деп екі қолымды жайып бетімді синадым.

Ахмет шешен

Бірте кезде Ахмет деген шешен болыпты. Бірде ол жанына жас жігітті алып, көрші ауылға жол тартады. Шілденің ми кайнатқан ыстығында олар әбден шөлдеп, көрші ауылға зорға жетеді.

Ахмет шешен өзінің Тәшен атты досының үйіне түсейін деп келсе, досы бәйбішесімен бір жаққа қонаққа кетіпті. Үйінде қонақтануға бар екен.

Жолаушылар келіншекпен амандасып, төрге шығып отырады. Қонақтардың шөлдеп келгенін сезген келіншек сөзүше екі аяқ айран ұсынады.

Тандайы кеуіп, сусап отырған жас жігіт айранды аузына апары бергенде, шешен оған қарап:- балам, бұл айранды бата кеткен шешенің,- деп былай депті:

Ассалаумағалейкум айран!

Кет болдың сен қайдан?

Қымыздай ақтығың болмаса,

Құның кем шайдан.
Піспекпенен пісіліп,
Айырылыпсың майдан.
Көңілденсе келінжан,
Шай қоя ма, қайдам?..

Шай қоюға ерініп, мейманды айранмен жөнелтпек болған келіншек мына сөзді естігенде:-Ата,ата, қазір шай қайнатып әкелейін, - деп самауырды ас үйге ала жүгіріпті.

Хан мен Қожанасыр

Хан ұйықтап жатып түс көріпті . Түсінде бір есекті екі қасқыр талап жеп жатыр екен .Қанша ойланғанмен түсін өзі жори алмаған хан дереу Қожанасырды шақыртып алады да:- Осындай бір түс көрдім, көпе, жорып берші,- деп әмір етеді.

-Тақсыр-ай, екі қасқыр екі уәзіріңіз де, ал есек тап өзіңіз ғой , - деп жауап беріпті Қожанасыр .

XXX

Ерігіп отырған хан бірде Қожанасырға:

- Басқа пәле неден?- деп сауал қойыпты.

- Тақсыр-ай, басқа пәле қызыл тілден, - дейді Қожаскен.

- Жоқ, білмедің олай емес , - деп дауласады хан .

- Ой , айтқанға түсінбейтін көк есек сияқты ақымақ екенсіз ғой, -депті Қожаскен.

Есек деген ат оңай ма, хан қатты ашуланып қаһарланады да:

- Өлтіріңдер мынаны!—деп жемдеттеріне ақыра әмір етеді .

Жалаңдаған жемдеттер тап бергенде зәресі кеткен Қожаскен :

- Дат тақсыр!.. Мен әлгінде ғана басқа пәле қызыл тілден деп- айтпадым ба?.. Көзіңіз енді жеткен болар , - дейді .

Сөзден жеңілген хан Қожанасырды босатып қоя береді.

XXX

Хан тағы бірде Қожанасырды ордасына шақыртып алады.
. Ананы –мынаны айтып отырып Қожа ханға:

Тиксыр, осы сіз қай жылы туған едіңіз? – деп сұрайды.

Е, оның саған не керегі бар? Жылан жылы туғанмын, - деді хан кеудесін көтеріп.

Сонда Қожа ақырын мырс етіп: -Е,халықты жыланша шаптып отырғаныңыз да сонан екен ғой- депті .

Әйелі ауырғанда

Бірде Қожанасырдың әйелі ауырып қалады. Бірақ Қожа оны есеп қылмай жүре беріпті .

Науқасынан айыққан соң әйелі:

- Маған ауырып жатқанда тым болмаса дәрігер неге шақыртыппадың?-деп бұлқан-талқан болыпты. Сонда Қожа сасқанынан:- Жарайды, қазір ауырып жата қойшы, мен дәрігер шақырып келейін,- депті.

Зейнетақыңды алдың ба ?..

«Бетіңен құлақта жазық жоқ» деген-ау. Кешкілік өзімізше тамақ ауа жұтпақшы боп, есік алдына шығып едік, анадай ормандықта жайбарақат отырған кекселсеу әйелдің балконнан мойнынан созып тұрған көршісіне дауыстап:-Лидия Васильевна, «Зейнетақыңызды алдыңыз ба?»- дегенін құлағымыз шалып қалды.

Жо жоға, - деді анау да ренішті кейіппен, танертсіздік басып қала ма, түсте әкеп қала ма, деп үйді күзетіп отырғаныма аңғалып асты. Сүт пен нан сатып әкелу үшін тіпті бейуақыт түркіше шығып кетуге де қорқасың, өйткені почташы күтпейді. Ойыңа да өзiрге зейнетақымыз әлі жоқ. Қарыз деген мүлдем болып кетті. Газға, электр жарығына, пәтер ақыға тағы төлеу керек.

Но, десейші, бәрінің жақсы – ақ атанғысы келеді, бірақ соған оның жатқан тұрмысымыз тағы жоқ,- деді мынау да қарапайым. Әйтеуір бас аман болсын дейміз дағы, әйтпесе...

Осы арада әңгіме күрт үзілді. Тегі зейнетақыны әкелген қайтқанды есіктің қоңырауын қайта – қайта шырылдатып қақты басып балконның сыртқы есігі тарс жабылды.

Тәжік болып кетейін бе?

Түскілік уақыты болғасын пәтеріме келе жатыр едім, үстіңгі қабаттағы көрші келіншек Анна қарсы жолықты. Әлдене деп күбірлеп, сөйленіп барады.

- Ә, көрші, халыңыз нешік? Көңіл – күйіңіз қалай? – деп алдында әзілдесіп – қалжыңдасып жүретін одан не дер екен дегендей жауап күттім.

- Халіміз нешік болушы еді, - деді ол да сәл – пәл ашуын басқан боп. Халіміз орысшылап айтқанда үш әріптей. Күйеуім қысқартуға ілеккен, жұмыссыз үйде отыр. Мектеп бітірген балам да сол. Не оқу, не жұмыс жоқ.. Денсаулығына байланысты әскерге де алмады. Өзімнің тапқаным анаған, мынаған әзер жегеді. Көшеге шығып, сауда жасаған болам, ол не болушы еді, тәйірі...

- Оны қойшы-ау, - деді ол әрі-беріден соң, өзіміз нан мен сүтке ақпа таба алмай отырсақ, таң атпай тәжіктер кеп, ссік қақпасын ба? Әлгі, қайыршыларды айтам. Көшеде сұрағандары аздай, енді үй-үйді аралап, қайыр тілейтін болыпты. Бермейін десең, тағы аяйсың, жас балаларына шейін ертіп әкеліп, тілемсектеніп тұрғандары. Қуып жіберейін десең, қарғыстарынап олан қорқасың... Көрші, ө көрші, не ақыл қосасың, деп анау қарап тұр. Бүйтін жартыкеш өмір сүргенше біз де тәжіктер сияқты істесек қайтеді, осы? Әйтеуір, күнделікті тамағымызға жеткіземіз ғой, бәрін қойып, тәжік болып кетейін бе?

«Дәуеренность»

Кешегі Кеңес заманында «темір тұлпардың» құлағында ойнап, жаман аты шықпаса да, жақсы атағымен ел аузына іліккен Тақан отпелі кезеңнің мынадай қиын тұсында бәрін тастап, ауылдағы жекеменшіктің жылқысын бағуға кіріскен. Өйткені, бұрыңғыдай емес, бүгінде жұмыс болғанмен жанармай жоқ, жапармай тапқанмен айлық жалақың уақытылы қолыңа тимейді. Содан бұл не болса да, о болсын деген оймен» әйтеуір күнделікті нанымызды тауып жесек жарады» деп жылқы бағуға

одырая қарсы алған бұл қолындағы жылқысы барлардың тізімі жасалған қағазды жыртып-жыртып мұның бетіне шашсын да жіберсін кеп.

-Мә,-дейді оған атау керенді ғана ішкір, мә сенің «дәуеренносың».Араққа соншалықты құнынды сатқанша , анау шибұт балаларынды қалай жеткізуді ойласаңшы онан да... Бәсе, тәуліктеп неге жоламайды десем, осындайың бар екен ғой сенің, «дәуеренності» жазғышын мұның?!

Тақауда үн жоқ. Тегі, ендігі жерде «дәуеренностің» көзіне күм құйылғанын сезген болар.

Құлағы жоқ қойдың сорпасы

Әскерден аман-сау келген баласына құдайы құрмалдық шалып, көршіміз бәрімізді қонаққа шақырды. Бардық. Қайырлы болсын айтып, олардың қуанышына біз де ортақ екендігімізді білдіріп жатырмыз.

Әне-міне дегенше ортаға кәдімгі қазақша дөңгелек үстелдің екі- үшеуі жасалып, ас та әкелінді. Осы кезде көршіміз әлденеге кипалақтап:

- Ал енді ағайындар, алдымен сіздерден кешірім өтінеміз. Өзіміз жұмыстан қол босамаған соң сойылған қойдың басын үйте сал десек , мына бала гаражға барып, паяльный лампамен олай күйдіріп, былай күйдіріп, ақырында шеміршек боп қатып қалған осының не керегі бар деп шалалық жасап,қойдың қос құлағын кесіп, лақтырып тастапты. Сондықтан мына қойдың құлағы қайда десіп, сөге көрменіздер,- деп қызарақтап қарап тұр.

-Жарайды, ет болса болды емес пе,жейтін ауызға бәрі бір ғой,.. Қайта қысқы сүріміз түгесіліп, құр шәйға қарап отырғанда ішімізге жұмсақ барғанның өзі неге тұрады,- десіп жатырмыз бәріміз де біріміздің аузымызға біріміз түкіріп қойғандай .

Қол ұзамай табақ қайтарылып, сорпа да үлестіріле бастады. Маңдайымыз жіпсіп, ыстық сорпаны үн-түнсіз ішіп жатырмыз. Кенет Кенже есімді қушыкеш жігіт:

-Әй, құрдас,- деді үй иесіне қарап дауыстап,бар болса мына сорпадан тағы бір кесесін әкелші. Көптен жас малдың қызылын татпағандықтан ба, құлағы жоқ қойдың сорпасы тіпті

тәлі үйіріп барады өзі,..

Бәрімізде ду күлдік. Күлмеске тағы болмады. Үй иесі болса үндемей, қызарақтап, ас үйге қарай кетті. Ішімізден «аман ай десейші, ашаршылықта жеген құйқаның дәмі кетпес» дегендейін, құлағы жоқ қойдың сорпасы да тәтті болады екен»деп отырмыз.

Мазмұны

Бірқакпайлар	3
Деген скен	94
Саған емес, маған шығар	97
Ауылдыкі емес, қайын жұрттікі	98
Үш ағаш та жетеді	98
Аюдай ақырған	99
Аллергиям ұстайды	100
Ішпегенде былай айтасың	100
Қолың еді қой бағу	100
«Биз билмайды»	101
«Басқарманың әйелі босанып»	102
Қыстыкүні түгілі	102
«Мақта мейлі, мақтама мейлі»	103
«Аналар күнін көрер-ау, басқасы қайтпек»	103
Былқылдатып, сылқылдатып	104
«Әкем өліп оңды болды»	104
Өң мен түс	105
Ахмет шешен	107
Хан мен Қожанасыр	108
Әйелі ауырғанда	109
Зейнетақыңды алдың ба?	109
Тәжік болып кетейін бе?	110
«Дәуеренность»	110
Құлағы жоқ қойдың сорпасы	112

БІРҚАҚПАЙЛАР

Сайлау КӨШКЕНҰЛЫ

Редактор:	Ж.Қасымов.
Техредактор:	Б.Кәрімова.
Корректор:	Автор.
Рецензентер:	Ж.Қасымов, С.Сапарұлы, С.Хамитұлы.
Суретші:	Ж.Мыржықов.

Осы туындымның жарық көруіне демеушілік көмек көрсеткен Көкшетау университетінің ректоры, физика-математика ғылымының кандидаты, «Алаш-Заман» республикалық партиясының төрағасы Жанат Жақыпсейітұлы Қасымовқа зор алғысымды білдіремін.

Автор.

КӨКШЕТАУ УНИВЕРСИТЕТІ

ОҚУҒА ШАҚЫРАДЫ:

503001 «Құқықтану»

505008 «Қаржы және несие»

505007 «Есеп және аудит»

505002 «Психология»

501003 «Педагогика және психология»

501002 «Педагогика және бастауыш оқыту әдістемесі»

509005 «Туризм»

501008 «Дене шынықтыру және спорт»

502005 «Саясаттану»

506006 «Қолданбалы экология»

503001 «Құқықтану», 505008 «Қаржы және несие».

505007 «Есеп және аудит» төлем ақысы 60 мың теңге.

505002 «Психология», 501003 «Педагогика және психология», 501002 «Педагогика және бастауыш оқыту әдістемесі», 509005 «Туризм», 501008 «Дене шынықтыру және спорт» төлем ақысы 50 мың теңге.

502005 «Саясаттану», 506006 «Қолданбалы экология» төлем ақысы 40 мың теңге.

БІЗДІҢ МЕКЕН ЖАЙЫМЫЗ:

Көкшетау қаласы,
Менжинский көшесі, 38 үй.

Байланыс телефондары:

25-32-40, 25-34-19, 25-07-06,
42-33-02, 42-54-41, 42-36-68

КОКШЕТАУСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ

ПРИГЛАШАЕТ НА УЧЕБУ

503001 «Юриспруденция»

505008 «Финансы»

505007 «Учет и аудит»

50502 «Психология»

501003 «Педагогика и психология»

501002 «Педагогика и методика начального обучения»

509005 «Туризм»

501008»Физическая культура и спорт»

50205 «Политология»

506006 «Прикладная экология»

503001 «Юриспруденция», 505008 «Финансы», 505007 «Учет и аудит» оплата 60 тыс.тенге.

50502 «Психология», 501003 «Педагогика и психология», 501002 «Педагогика и методика начального обучения», 509005 «Туризм», 501008»Физическая культура и спорт»
оплата 50 тыс.тенге.

50205 «Политология», 506006 «Прикладная экология»
оплата 40 тыс.тенге.

НАШ АДРЕС:

корпус № 1 г.Кокшетау,
ул.Менжинского, 38

корпус № 2 г.Кокшетау
мкр. Коктем, 1

контактные телефоны:

8 (316 2) 25-32-40,25-34-19, 25-07-06,
42-33-02, 42-54-41, 42-36-68